



ОРТАҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН АЛАҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Синьхуа агенттігіне берген сұхбатында Астанада өтетін Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) саммитіне қатысушылар әлемдік қауымдастықты қауіпсіздіктің жаңа парадигмасын қабылдауға, әділ экономикалық орта құруға және планетаның тазалығын қорғауға күш салуға шақыратынын мәлімдеді.

«Біздің ойымызша, ШЫҰ әлемдік процесстерден тыс қалмауы керек. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның «Әділ бейбітшілік пен келісім үшін әлемдік бірлік туралы» бастамасын бірлесіп әзірлеуді ұсынды. Бұл бастамалайықты бағаланып, барлық мүше мемлекеттердің қолдауына ие бол-

ғанына ризамын», – деді Президент. Мемлекет басшысы атап өткендей, кездесудің негізгі тақырыбы орнықты даму және бейбітшілікке ұмтылуға қатысушы елдердің көпжақты диалогін нығайту болмақ. 2001 жылы негізі қаланған ұйымға 9 мемлекет тұрақты мүше болды. Биылғы саммиттің күн тәртібінде Беларусьті ұйымға мүшелікке қабылдау мәселесі қаралады. Сонымен қатар жиынға БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гуттериш пен ШЫҰ жанындағы диалог бойынша әріптес және бақылаушы мәртебесіне ие тағы он шақты мемлекет қатысады.

» 2



АТЫҢ ШЫҚПАСА, АРАЛ ӨРТЕ

Тойып, байып секіргендердің жойдасыз қылықтары ел аузында мәтелге айналып үлгерді. Әсіресе, демалыс маусымында отандық туристердің келеңсіз іс-әрекеттері туралы ақпараттар демалыссыз шығып жатыр.

Өзін қойып, бүтіндей ұлттың атына кір келтіретін, мемлекеттің беделін түсіретін мұндай жағдайлардың белең алуы абырой әпермейтіні анық.

» 5

ДЕПУТАТТАРДЫҢ ӨҢІРЛЕРГЕ САПАРЫ БАСТАЛДЫ

Кеше Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары басталды. Жыл сайын каникулға кетер алдында аймақтарды аралауды дәстүрге айналдырған халық қалаулылары көптеген нысанды аралап, халықпен кездесіп, түрлі жиынға қатысады.



4
 БЕТ

КЕНЕ БАСҚАН АЛМАТЫ

Жаз маусымы – аптап ыстықтың әсерінен жәндіктердің жер бетіне шығып, адамдарға «шабуылдайтын» кезеңі. Тұрғындар үшін жаз айлары демалысқа арналса да, климаттың өзгеруінен туындап отырған жайсыз жағдай балалар мен ересектердің жазғы демалысына кедергі келтіретіні жасырын емес.



7
 БЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның Ош облысы Нооқат ауданында сел жүру салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Қазақстан халқының және жеке өз атымнан қаза тапқан азаматтардың отбасы мен жақын туыстарына қайғырып көңіл айтамын. Сондай-ақ зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін. Қазақстан тату көршілік және өзара қолдау рухында табиғат апаты болған елді мекенге гуманитарлық көмек жіберді. Қажет болған жағдайда бауырлас Қырғызстанға жәрдем беруге әзірміз, – деп жазылған жеделхатта.

ТОМИРИС ЖОБАСЫ: 2024 ЖЫЛҒА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



«АМАНАТ» партиясының Саяси менеджмент академиясы әйелдердің саяси шешімдер қабылдау процесіне қатысуын кеңейтуге бағытталған Tomiris атты әйелдердің саяси көшбасшылығын дамыту бойынша партиялық жобаға қатысуға үміткерлердің құжаттары қабылдана бастағаны туралы хабарлайды.

Tomiris партиялық жобасы аясында жоғары көшбасшылық әлеуеті бар және жергілікті өкілді органдардың тетіктері арқылы өз бастамаларын ілгерілетуге дайын белсенді әйелдер оқиды. Бұл маусым барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттық қызметі аясында саяси бастамаларға жол ашу мен жүзеге асыру төңірегінде өтпек. Оқу аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында саяси бастамаларды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін дағдыларды, білім мен құзыреттерді дамытуға бағытталған.

» 4

РЕЖИССЕР ҮШІН КИНО АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА БОЛУЫ КЕРЕК

Жақында қазақ киносының қоржыны тағы бір олжамен толықты. Тарихи көріністі әспеттеген «Талақ» толықметражды фильмі Шанхай кинофестивалінде үздік деп танылып, 14 фильмнен озық шықты. Қазақ әдебиетіндегі шығармалар желісін арқау етіп, «Алтын кубок» иеленген фильмнің режиссері – Данияр Саламат. Жер-жаһанды мойындатқан қазақ киногерімен әңгімелескен едік.

Ол тарихи киноның маңызына тоқталып, кино саласындағы режиссердің бірқатар міндетін атап өтті. Сонымен қатар жүлдеге ие болған кино тақырыбында отбасылық күрделі мәселе ғана емес, халықтың басынан өткен ауыр кезең кеңірек сипатталатыны туралы сөз қозғады.

» 8



ОРТАҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНАТЫН АЛАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Синьхуа агенттігіне берген сұхбатында Астанада өтетін Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) саммитіне қатысушылар әлемдік қауымдастықты қауіпсіздіктің жаңа парадигмасын қабылдауға, әділ экономикалық орта құруға және планетаның тазалығын қорғауға күш салуға шақыратынын мәлімдеді.

«Біздің ойымызша, ШЫҰ әлемдік процестерден тыс қалмауы керек. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның «Әділ бейбітшілік пен келісім үшін әлемдік бірлік туралы» бастамасын бірлесіп әзірлеуді ұсынды. Бұл бастама лайықты бағаланып, барлық мүше мемлекеттердің қолдауына ие болғанына ризамын», – деді Президент. Мемлекет басшысы атап өткендей, кездесудің негізгі тақырыбы орнықты даму және бейбітшілікке ұмтылуда қатысушы елдердің көпжақты диалогін нығайту болмақ. 2001 жылы негізі қаланған ұйымға 9 мемлекет тұрақты мүше болды. Биылғы саммиттің күн тәртібінде Беларусьті ұйымға мүшелікке қабылдау мәселесі қаралады. Сонымен қатар жиынға БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гуттериш пен ШЫҰ жанындағы диалог бойынша әріптес және бақылаушы мәртебесіне ие тағы он шақты мемлекет қатысады.

ШЫҰ-ның негізгі міндеті – мүше мемлекеттер арасындағы көптеген маңызды мәселе бойынша әртарапандырылған ынтымақтастықты қамтамасыз ету. Бұл – бейбітшілікті, аймақтағы қауіпсіздікті бірлесіп қолдау, өзекті қауіп-қатерлермен күресу, экономикалық және мәдени дамуға жол ашу. Жиынға қатысушы елдер тату көршілік қатынастар мен өзара сенімді нығайтуға, жаһандық тұрғыда жаңартылған, әділ, ұтымды халықаралық саяси және экономикалық қатынастарды құруға ұмтылады. Отандық сарапшылар алдағы саммиттің Қазақстан үшін қандай артықшылықтары бар екенін және жиын қорытындысы бойынша қандай шешімдер қабылдануы мүмкін деген сауалға өз пікірлерін айтты.

Кәмила ЕРКІН



**САЛМАҒЫ АРТЫП,
АУҚЫМЫ КЕНЕЮДЕ**

Әмір БАШБАЕВ,
ҚР СІМ жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты талдау және болжамдар бөлімінің басшысы:

– Саммитте 20-дан астам құжат қабылдау жоспарланып отыр. Соның ішінде ең маңызды құжат – Астана декларациясы. Бұл құжатта Шанхай ынтымақтастық ұйымының өзекті халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша ұстанымы белгіленеді. Астанадағы жиында өткен кезеңдегі ұйым қызметі қорытындыланып, оны одан әрі дамытудың бағыты айқындалады. Негізгі, бұл саммит осыған дейінгі шаралардан екі түрлі форматта өтетінімен ерекшеленеді. Бірінші кезекте ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Президенттері кеңесінің отырысы өтпек. Бұл жыл сайынғы саммитте болатын кәдуілгі жағдай. Одан бөлек, «ШЫҰ плюс» атты кездесу өткізілмек. Алғашқы жиынға ұйымға мүше он мемлекет – Үндістан, Иран, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Пәкістан, Өзбекстан, Беларусь қатысады. Осы жиынның айырмашылығы Беларусь мемлекетінің ШЫҰ-ға кіруінің үш жылдық рәсімінің аяқталуына байланысты толық мүшелікке кіруі туралы шешім қабылданады. Ал екінші форматтағы «ШЫҰ плюс» басты тақырыбы «Көпжақты диалогті нығайту, тұрақты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» болып отыр. «ШЫҰ плюс» кездесуіне аталған 10 мемлекеттен бөлек, Монғолия, Әзербайжан, Катар, БАӘ, Түркия және Түрікменстанның қатысуымен өтеді деп жоспарланып отыр. Осы кездесуде БҰҰ-ның Бас хатшысы Антонио Гуттериш қатысады деп күтілуде. Сонымен қатар экономикалық мәселелерге тоқталар болсақ, ең бастысы Қазақстанның ұсынуымен жобалық қызметті қаржылай сүйемелдеу үшін ШЫҰ-ның инвестициялық қорын құру туралы шешім талқыға түспек.

Өздеріңіз білетіндей, ШЫҰ алға қойған мақсаттарының бірі – қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл Қазақстанның ұлттық мүддесімен үндесіп жатыр. Себебі біз де ел ішіндегі және



аймақтағы қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауға ұмтыламыз. Демек, ШЫҰ мен Қазақстанның алға қойып отырған мақсаттары сәйкес. Біз өңірде тұрақтылық пен бейбітшілікті, ынтымақтастықты кеңейту керек деп жатамыз, бірақ одан бөлек бізде сауда-экономикалық байланыстарды нығайту, цифрлық саладағы ынтымақтастықты арттыру, көптеген мәселені осы алаңда талқылап, ортақ бір шешім қабылдап, оларды жүзеге асырудың жолдарын қарастыру керек. Сондықтан ШЫҰ – осындай ортақ шешімдер қабылданатын диалогтік алаң.

Көрші мемлекеттеріміз дегенмен де, әр елдің өз мүддесі болады. Сайып келгенде, ұлттық мүдделер түйіскен жерде бәсекелестікке жол ашылады. Ал ШЫҰ-ның бір ерекшелігі – мұнда шешім біржақты емес, барлық мемлекеттің келісуімен, яғни консенсустік негізде барлық елмен ортақ келісімге келген жағдайда ғана қабылданады. Яғни, ұйымның төрағалығына келген мемлекет ауқымды жұмыс атқарады. Себебі төрағалық етіп отырған ел барлық ұйымға мүше мемлекеттермен жұмыс істейді. Әуелі идеяны таныстырып, қандай шаралар қабылдау қажеттігін талқылап, қарсы позицияларды өзге тарапқа түсіндіріп, осы секілді көптеген ынтымақтастық бағыттағы жұмыс атқарады. Осыдан соң ғана барлық елдің мүддесін ескере отырып, ортақ шешімдер қабылдайды.

Саяси мәселелер туралы сөз еткенде ең бірінші қауіпсіздікке айналып келеміз. Қазір терроризм, сепаратизм, экстремизмге қарсы күресу үшін тек қана бір мемлекеттің әлеуеті жетпейді. Өйткені бұл бір ғана елдің шекарасымен шектеліп қалмайтын, трансұлттық деңгейдегі күрделі мәселе. Демек, қауіп дегеніміз – ол тек бір елдің ішінде болып жатқан проблема емес, ол – үлкен аймақты қамтитын қиындықтар. Сондықтан қауіптің алдын алу үшін оны дер кезінде талқылап, дұрыс шешім қабылдап, оны жүзеге асыру тетіктерін құру қажет. Мысалы, Ташкентте ШЫҰ-ның терроризм, сепаратизм, экстремизмге қарсы күресті басқаратын аймақтық орталығы бар. Ұйымға мүше елдердің өкілдері сол жерде қабылданған шешімдердің өз елдерінде жүзеге асырылуын үйлестіру бойынша жұмыстар атқарады.

Одан бөлек, ең өзекті мәселелердің бірі – жаһандық климаттың өзгеруі. Соңғы кездері бұл адамзаттың өмір сапасына толықтай әсер ететініне бәріміздің де көзіміз жетті. Бұдан 7-8 жыл бұрын Еуропа елдерінде көктем мезгілінде жойқын су тасқыны болып, үлкен қалалардың су астында қалғанына куә болдық. Жазды күні күн қатты ысып, батыс елдеріндегі ормандарды өрт шалып жатқан жайттар кездесті. Осы жағдай 5-6 жыл өтпей бізге де келіп жетті. Мысалы, тарихта болмаған ормандарымыздағы алапат өртті, биылғы су тасқынын айтуға болады. ШЫҰ аясында осы мәселелер көтеріліп, апатқа тап болған жағдайда да бір-бірімізге жедел түрде көмек көрсетудің тиімді тетіктері талқыланып, алдын ала келісілуі қажет.

Ұйымның алға қойған мақсаттарының бірі – мүше елдер арасында бір-біріне деген сенімді арттыру. Есіңізде болса, бұл 1990-жылдардың бастауында «Шанхай бестігі» деген атаумен пайда болған мемлекетаралық құрылым еді. Бұл ұйымның негізгі шекара аймағында әскери саладағы сенім шараларын арттыру туралы келісімге қол қойылған кезеңнен бастау алды. 1997 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Қытай тағы бір келісімге қол қойды. Ол шекара аймағында шоғланған әскерлерді азайту туралы. Осылайша, мүше мемлекеттер арасында сенім орнатуға тату-

тәтті көрші болып өмір сүрудің алғышарттары қабылданды. Бұл бізге қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы, Кеңес Одағы ыдыраған тұста оның орнында Қытаймен шекараласып жатқан 4 мемлекет пайда болды: Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан. Осы кезеңде шекарадағы өзара келісімді мықтап алу қажет-ақ еді. Міне, бұл ұйымның жұмысы осыдан басталған. Өзара сенімді, достықты сақтау – ШЫҰ-ның ең алғашқы мүдделерінің бірі. Сонымен қатар саяси сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, көлік, экология, энергетика салаларында мәдениет пен білім беру бағытында көптеген жобаны қамтитын ынтымақтастық жұмыстары әрі қарай да жүргізіліп келеді. Бір сөзбен айтқанда, бастапқыда шекара аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ғана көздеген ұйымның бүгінде салмағы артып, ауқымы кеңейіп келеді.

Оның ең басты көрінісі – ШЫҰ-ның басқа да мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын арттыру атты мақсаттың жүзеге асырылуы. Оның дәлелі былтыр Қазақстанның бастамасымен БҰҰ мен ШЫҰ арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл осы бағыттағы өте ауқымды бастаманың бірі деп есептеймін.



**ЖАҢА ЛОГИСТИКАЛЫҚ
ЖЕЛІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ҚАЖЕТ**

Ернар КӨШАЛИЕВ,
Қазақстан қоғамдық даму институтының сарапшысы:

– Бұған дейін төрағалық еткен мемлекеттің барлығы өз елдерінде саммит өткізіп келеді. Қазір Астана қаласында да ШЫҰ саммитінің өтуі заңды. Саммит негізінде ШЫҰ мемлекет басшылары бірігіп, Астана декларациясын қабылдайды. Қазір декларация қандай мәселелерді қамтитыны нақты белгісіз болғанымен, жалпы халықаралық-аймақтық деңгейдегі сауалдар талқыланатыны айқын.

Геосаяси мәселелерге байланысты саммитте талқыланатын негізгі сауал энергетикалық ресурстардың экономикалық дәліздері болмақ деген сенімдемін. Өйткені Қытай мен Үндістан энергетикалық ресурстарды тұтынушы ең үлкен екі алып нарық саналады. Ал Орталық Азия мен Ресей – осы ресурстарды экспорттаушы донор. Сондықтан осы саладағы экспорт-импортты жолға қою үшін жана келісімдер мен логистикалық желілер қалыптастыру қажет. Өйткені әлі де бұл бағытта белгілі бір кедергілер кездесіп жатады. Мысалы, өзара сауда-саттық барысында доллардан бас тартып, ұлттық валюталық кіріске ауысу. Қазір Ресей Үндістанға мұнай шикізатын жеткізіп береді, ал ол өз кезегінде өнімге ұлттық валютасы рупимен төлем жасайды. Бірақ ол Үндістан аумағынан тыс елдерде жарамсыз. Қытаймен сауда-саттықта да осы проблема туындайды. Сондықтан жиында осы жайттар талқыға түседі деген сенімдемін.

Бұл жерде Қазақстанның рөлін екі бағытқа бөлуге болады: біріншіден елімізді көлік-логистикалық хаб ретінде қарастырамыз. Бұған дейін Ресей арқылы Еуропаға тасымалдау мүмкін болатын. Қазір санкциялардың әсерінен бұл бағытта энергетикалық өнімдерді жеткізу мүмкін емес. Сол себепті Қытай өз өнімдерін құрлық арқылы тасымалдаудың балама жолдарын іздеуде. Өйткені Тынық Мұхиты жағалауында Қытайдың белгілі бір сол аймаққа тән тәуекелдері бар. Сондықтан олар тауарын жеткізудің басқа да

маршруттарын қарастыруда. Соның бірі – Қазақстан. Себебі Транскаспий дәлізі арқылы жаңа бағытқа жол ашылады. Одан бөлек, Үндістанның бұған қатысты өзіндік жоспарлары бар. Мысалы, Солтүстік-Оңтүстік деп аталатын дәліз бар. Ресейдің энергетикалық ресурстары Қазақстан аумағы арқылы Орталық Азия елдеріне ары қарай Ираннан Үндістанға жеткізіледі. Бұл жерде үлкен мүдделер тоғысып жатыр деуге болады. Сондықтан ертең өтетін саммиттің күн тәртібінде осы мәселелер көтеріледі деген ойдамын.

Саммитте Қазақстан медиатор ретінде рөл атқарады. Еліміз осыған дейін Сириядағы қақтығыстарды шешуде медиатор болған еді. Ол кезде тараптардың өз мәселесін талқылауына мүмкіндік беретін алаң ұсынған болатын.



**ҰЙЫМНЫҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ
ШЕКАРАСЫ ҰЛҒАЙДЫ**

Женгізхан ЖАНАЛТАЙ,
Еуразия ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары:

– Саммиттің дәл қазіргі уақытта өткізіліп жатқанында үлкен мән бар. Себебі ШЫҰ-ның негізгі қауіпсіздік ұйымы ретінде қаланғанымен, бүгінде көптеген мәселені қамтиды. Соның ішінде Ресей тарапынан қауіпсіздікке көп мән берілсе, Қытай экономикаға көп мән береді. Астана соңғы 7-8 жылда халықаралық аренадағы түйткілді мәселелерді шешу үшін сол елдерге мәмілеге келуге мүмкіндік беретін арнайы алаң ұсынатын медиатор мемлекеттің рөлін ие болып келеді. Мәселен, Сирия қақтығысында Түркия мен Ресей арасындағы арақатынасты жақсарту мақсатында Қазақстан үлкен рөл атқарды. Қазір БАҚ беттерінде әлемде тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін жиі кездестіреміз. Осы саммитте де, менің ойымша, геосаяси жағдайда қауіпсіздіктен бастап аймақта тұрақтылық орнату мәселелері қамтылады. Себебі бүгінде тұрақтылық өте маңызды. Сондықтан осындай мәселелердің, әсіресе Қазақстанда талқылануы өте орынды. Негізінен, бұған дейінгі ШЫҰ саммиттерінде көбіне экономикалық мәселелер алға шығатын. Бірақ халықаралық аренадағы соңғы жағдайлар ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздік мәселесін кенінен талқылауына себеп болады деп сенемін.

ШЫҰ ресми түрде ұйымға мүше мемлекеттердің көзқарасын құптайды. Дегенмен ертеңгі саммитке қатысушы елдер де өз позициясын, өз мүддесін ілгерілетуді көздейтіні анық. Себебі бұл шара қатысушы мемлекеттер арасындағы диалог алаңы. Мысалы, Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған Ресей Президенті Владимир Путинмен жүздеседі. Қытай делегациясы Тәжікстан мен Қырғызстан өкілдерімен кездеседі деген жоспарлар бар. Сондықтан әр ел өзіне ұтымды шешімдердің қабылдануына мүдделі болады.

Беларусьтің бұл саммитте ресми мүшелікке қабылдануы ШЫҰ-ға мүше елдердің санын арттырады және ұйымның географиялық шекарасын кеңейтеді. Әрине, Беларусьтің неліктен ШЫҰ-ға қосылып жатқанын уақыт көрсетеді. Дегенмен бұл мемлекеттің қазіргі экономикалық және саяси ахуалы белгілі. Оның қазіргі Ресеймен қарым-қатынасын ескерсек, ШЫҰ-да Ресей тарапынан көтерілген мәселелерді қолдайтын серіктес елдердің қатары өсті деп қарастыруға болады. Ал халықаралық аренадағы саяси-экономикалық ахуалға қалай әсер ететінін, әрине уақыт көрсетеді.

ПАРЛАМЕНТТИҢ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда депутаттар VIII шақырылымдағы екінші сессиясының жұмысын қорытындылады.



Ерлан Қошанов өткен сессияда «Мықты Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласының тиімділігі дәлелденгенін атап өтті.

— Президент жариялаған заң мен тәртіп үстемдігі қағидаты өткен заң шығару маусымындағы басты бағдар болды. Қоғамның сапалы заңдар қабылдауға деген сұранысын арттыра түсті. Парламент еліміздегі ең өзекті проблемалар бойынша заңнамалық шешімдер шығару және оларды ашық талқылау алаңына айналды. Түйткілі мәселелерді заңдар арқылы шешу негізгі тетік ретінде қалыптасып келеді. Нормативтік құжаттардың мөртебесі мен салмағы артуға, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Палата Спикері осы сессияда парламенттік жұмыс кезеңі толық әрі табысты атқарылғанын атап өтті. Мемлекет басшысының жылдағы Жолдауларын, Президенттің сайлауалды бағдарламасын, Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдерді іске асыру депутаттық корпус қызметінің негізгі өзегіне айналды.

— Екінші сессияның заңнамалық күн тәртібі де мазмұнды болды. Палаталардың 5 бірлескен отырысы, Мәжілістің 39 жалпы отырысы және Сенаттың 43 жалпы отырысы өтті. Сессия барысында екі палатаның қарауында 179 заң жобасы болды. Оның 102-сі қабылданды, — деді Ерлан Қошанов.

Қабылданған заңдардың қатарында жылу энергетикасы саласы, мемлекеттік сатыпалым, масс-медиа туралы, адам саудасына қарсы іс-қимыл, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес, халықтың шамадан тыс кредит алуы мәселесі, лудоманиямен күрес туралы және басқа да заңдар бар.

Атап айтқанда, депутаттар букмекерлік кеңселер мен казиноларға қойылатын талаптарды қатайтып, онлайн-казинолардың қызметін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізді. Борышкерлер мен алимент төлеушілердің ойнауына тыйым салды. Мәжіліс Төрағасы осылайша қоғамды әлеу-

меттік тұрғыдан сауықтыру жолында маңызды кадам жасалғанын айтты.

Сонымен қатар депутаттар еліміздің басты қаржылық құжаты — республикалық бюджетті қабылдады. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселесін шешуге мүмкіндік туды. Сондай-ақ Парламент 46 халықаралық шарт пен келісімді ратификациялады.

Мәжіліс Спикері жана конституциялық норманың арқасында республикалық бюджеттің атқарылу сапасына Парламенттің бақылауы айтарлықтай күшейтілгенін атап өтті. Депутаттар Жоғары аудиторлық палатаның есебін жылына екі рет тыңдай бастады.

— Сессия барысында су саласына, сондай-ақ көлікті дамыту мәселелеріне қатысты есеп тыңдалды. Қазір елді мекендердегі ең өзекті мәселе де осы. Соның қорытындысы бойынша Парламент қажетті ұсынымдар қабылдап, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның атына жолдады, — деді Ерлан Қошанов.

Осы сессияда Мәжіліс пен Сенатта үш парламенттік тыңдалым мен он Үкімет сағаты өтті. Спикер олардың заң шығару процесіне жұртшылықтың араласуының тиімді тетігіне айналғанына назар аударды.

— Үкіметпен бірлескен жұмыс барысында кездесетін кейбір проблемалық мәселелерге тоқталып өткім

келеді. Нормалар жеткілікті пысықталмайды, сапасы төмен. Соның айқын мысалы — Су кодексі жобасы. Бұл туралы тек депутаттар ғана емес, сарапшылар да айтып жүр. Құрылыс кодексі жобасының да жағдайы осыған ұқсас. Мәжіліске заң жобасын енгізу мерзімі — ерекше назар аударуға тұрарлық мәселе. Жобаларды енгізу мерзімі жиі кешіктіріледі, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов депутаттық сауалдарға берілген жауаптарға тоқталды. Оның айтуынша, сыртқы, үстірт жауап беріледі, нақтылық жоқ. Үкімет осы айтылған мәселелерге баса назар аударуы керектігіне тоқталды.

Парламент жұмысында сайлаушылармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінді. Олар осы сессия барысында депутаттар 800-ге жуық елді мекенді аралап, 2 000-ға жуық кездесу өткізді.

— Депутаттар сайлаушылардың мәселелерін өз депутаттық сауалдары арқылы жеткізіп отырады. Мысалы, осы сессия барысында Сенат пен Мәжіліс депутаттары Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдарға 727 депутаттық сауал жолдады. Сессия басталғалы бері Үкімет мүшелері 2 рет арнайы шақырылып, сайлаушылардың талап-тілегі отырыста жан-жақты қаралды. Нәтижесінде, азаматтардың сұранысы ескеріліп, мемлекеттік органдардың қызметін

реттейтін тағы бір жұмыс тетігі пайда болды, — деді Е.Қошанов.

Бұдан бөлек, өзекті мәселелерді шешу үшін өңірлерге шұғыл сапармен бару депутаттық қызметтің тиімді тетігі ретінде орнықты. Мәжілістің Қоғамдық қабылдау қызметі депутаттар мен халық арасындағы дәнекерге айналды. Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата халықтың әртүрлі топтарының мүддесін білдіретін, сан алуан пікірлер еркін айтылатын іргелі орынға айналды.

Ерлан Қошановтың айтуынша, Мемлекет басшысының «қоғамдық пікірталастар Парламент қабырғасында болуы қажет» деген идеясы осы алаңдарда нақты жүзеге асуда.

Сонымен бірге Электронды Парламент халықтың билікке деген сенімін айтарлықтай нығайтуды көздейді. «Бірел — бір мүдде», «Инклюзивті Парламент» және «Өңір» депутаттық топтарының қызметі де осының көрінісі.

Спикер парламенттік дипломатияны дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. Сессия барысында депутаттар 14 халықаралық парламенттік ұйым аясында белсенді жұмыс істеді. 257 халықаралық іс-шараға қатысып, 38 шетелдің парламентімен ынтымақтастық орнатты.

Сөз соңында Ерлан Қошанов осы сессияда заң шығару жұмысының берік негізін қалағанын айтты.

— Кеше ғана өз сөзінде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент жұмысына оң бағасын берді. Ең алдымен Мемлекет басшысының бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса назар аударуымыз керек. Қазіргі кезде Парламент қоржынында 71 заң жобасы бар. Депутаттық корпус енді Бюджет, Салық, Құрылыс, Су кодекстері бойынша жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар біз мүлдем жана Цифрлық кодексті күтіп отырмыз. Алдымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет, есірткімен күрес, дін, сот жүйесіндегі реформалар және басқа да мәселелерге қатысты заң жобалары бойынша ауқымды жұмыс күтіп тұр. Парламент, Үкімет және сарапшылар қоғамдастығы үйлесімді әрі жан-жақты жұмыс істеуі қажет, — деді Мәжіліс төрағасы.

Ерлан Қошанов қорытындылай келе, Үкімет мүшелеріне, азаматтық қоғам белсенділеріне, сарапшылар қоғамдастығы мен БАҚ өкілдеріне бірлесіп атқарған жұмыс үшін алғысын білдірді.

ҮКІМЕТ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Мәжілістегі «AMANAT» фракциясы партияның сайлауалды бағдарламасының орындалуы бойынша Үкімет есебін тыңдады.

Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының кеңейтілген жиынында депутаттар Үкімет мүшелерімен бірге партияның сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысын талқылады. Мәселен, былтыр елімізде 17 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 165 мектеп пен 611 балабақша ашылды, 470 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов «AMANAT» парламенттік көпшілік партия ретінде Мемлекет басшысына Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсынғанын және Үкімет құрамын жасақтауға тікелей атсалысқанын еске салды. Сондықтан «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының сапалы орындалуы — партияның, депутаттық корпусының және Үкіметтің ортақ жауапкершілігі.

«Сайлауалды бағдарлама — біздің басты құжаттымыз. Бұл — ел дамуына дауыс берген миллиондаған отандасымыздың сенімі. Сондықтан халықтың үмітін ақтап, осы уәдешерді орындау — біздің ортақ жауапкершілігіміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға қарай ел экономикасын екі есе арттыру міндетін қойды. Мұның бәрі партияның сайлауалды бағдарламасында және бекітілген Жол картасында көзделген. Үкіметпен де келісілген. Бұған салалық министрліктер мен фракция мүшелері тікелей жауап береді», — деді Ерлан Жақанұлы.

Сонымен қатар партия Төрағасы партияның сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасын жүзеге асырудағы оң динамикаға назар аударды. Мәселен, тұрғын үй қолжетімділігін арттыру үшін 2023 жылы 17 млн шаршы метр баспана салынды. Ал Жол картасы бойынша 15,5 млн шаршы метр тұрғын үй салу көзделген болатын. «Жер аманаты» жоба-

сы аясында 10 млн гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Өз кезегінде Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Үкіметтің атқарған жұмысы туралы баяндады. Ол экономиканы дамыту, бизнесті, ауыл шаруашылығын, өндірісті қолдау, азаматтардың табысын арттыру, әлеуметтік саясатты жақсарту, жұмыспен қамту мәселелерін шешу, өңірлердің инфрақұрылымдық дамуы және өзге де маңызды бағыттар бойынша қабылданған шараларға егжей-тегжейлі тоқталды.

«Үкімет өзінің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындауда. Бұл максаттарға республикалық бюджеттің 40%-дан астам қаражатты бөлінеді. Мәселен, былтырдан бастап атаулы әлеуметтік көмек шеңберінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша төлем белгіленді. 2023 жылы бұл төлемді 186,8 мың бала алды. Бұған қоса, биыл базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 65%-ға, ал ең жоғары мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 105%-ына дейін ұлғайтылды. Айта кетейік, бүгінде Қазақстан ТМД елдері арасында ең жоғары орташа зейнетақы мөлшеріне ие», — деді ол.

Сонымен қатар түрлі санаттағы азаматтардың ескері қызметшілердің жалақысы — 50%-ға, төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жалақысы — 40%-ға, дәрігерлердің еңбекақысы — 30%-ға, медицина қызметкерлерінің жалақысы — 20%-ға, модениет және архив ісі қызметкерлерінің еңбекақысы 20%-ға өсті. Сондай-ақ былтыр 67 мың орындық 611 мектепке дейінгі мекеме және 137,8 мың орындық 165 мектеп ашылды. 473 мың жас азамат жұмысқа орналастырылды. Премьер-Министрдің орынбасары тұрғын үймен қамтамасыз ету шараларына жеке тоқталды.

«Жыл соңына дейін 18 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланды. Биыл жалға берілетін тұрғын үй құрылысына «Самұрық-Қазынадан» алғаш рет 272 млрд теңге бөлінді, оның 40%-ы аудандық деңгейдегі тұрғын



үй құрылысына арналған. Сондай-ақ биыл «Отбасы банк» желісі бойынша 20 мың отбасына 7-9% жеңілдікпен несие беру жоспарланды», — деді Н.Байбазаров.

Премьер-Министрдің орынбасары 2023 жылы шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің жалпы экспорты 35,6 млрд АҚШ долларын құрағанын айтты. Ол сондай-ақ депутаттарды ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары туралы хабарлар етті. Бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 89,9 млрд теңге сомасына 14,2 мың шағын несие берілді. Бұл кадам 15,7 мыңнан астам жұмыс орынын құруға мүмкіндік берді. «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев жергілікті жердегі партиялықтар жауапты мемлекеттік органдармен бірге сайлауалды уәделердің жүзеге асырылуына тұрақты мониторинг жүргізуді жалғастырып жатқанын атап өтті.

«Бүгінде салынып жатқан нысандарда 600-ден астам партиялық бақылау бекеттері орналастырылды. Оған 12 мыңнан астам партия мүшесі жұмылдырылды. Мәслихаттардағы партия фракцияларының жиындарында жергілікті атқарушы органдардың есебі тыңдалды. Сондай-ақ Партиялық бақылау комитеті атқарған жұмыс нәтижесінде, сайлауалды бағдарламаны

орындамағаны немесе тиісті деңгейде жүзеге асырмағаны үшін 36 партия мүшесі партиялық жауапкершілікке тартылды», — деді партия Хатшысы.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың кейбір пункттері бойынша, оның ішінде балабақшалар ашу, ағаш отырғызу, әлеуметтік жағдайы осал топтарға тұрғын үй беру және тағы басқа бағыттар бойынша артта қалушылық бар екеніне Үкімет мүшелерінің назарын аударды.

Жиынды қорытындылай келе, «AMANAT» партиясы Төрағасы фракция мүшелері мен министрлер Президенттің сайлауалды бағдарламасының жүйелі жүзеге асырылуын бақылауды күшейтуі керек екенін атап өтті.

«Әр депутат өзінің сайлауалды уәделер блогын мұқият талдап, министрліктермен тығыз жұмыс істеуге тиіс. Қажет болған жағдайда бюджетті қарау кезінде ұсыныстар енгізу керек. Бұл — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауларындағы нақты тапсырмалары, «AMANAT» партиясының халыққа берген уәделері және Үкіметтің елді дамыту, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі міндеттемелері», — деді Ерлан Қошанов.

«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

«AMANAT» партиясы «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын жалғастыруда. Төрт аптада партия мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері еліміздегі әртүрлі аумақтан 3 700 тоннадан астам қоқыс жинады. Акцияға 33 мыңнан астам адам қатысты.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұдайы өткізіліп тұратын «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық науқанын жариялаған болатын. Өз сөзінде ол «Қазақстан әрқашан таза әрі көз сүйсіндіретін ел болуы керек және бұл өмір салтына айналуда тиіс» деп атап өтті. Осылайша, 6 маусымнан бері «AMANAT» партиясының мыңдаған белсендісі мен мүшесі «Таза бейсенбі» акциясы аясында апта сайын әртүрлі аумақты ұжымдаса отырып қоқыстан тазартып келеді.

«Қоқыстан тазартатын аумақтарды анықтау үшін еліміздегі барлық су айдындарына, каналдарға, өзендер мен көлдерге талдау жасалды. Әр облыста филиал қызметкерлері, жастар қауымы мен волонтерлер, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар Президенттің жалпыұлттық бастамасына белсенді қолдау көрсетті. Өткен бейсенбіде

республика көлемінде жағалау аумақтарындағы, өзен жайылмаларындағы және жағажайлардағы 25-ке жуық учаске қоқыстан тазартылды», — деді партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Осы аптада жағалау аумақтары мен жайылмаларға ерекше назар аударылды. Мәселен, Астанада партиялықтар Қарасу өзенінің жағалауындағы учаскені қоқыстан тазартса, Жамбыл облысында Тараз қаласындағы канал аумағын ретке келтірді. Қостанай облысында партия мүшелері, қызметкерлері мен белсенділері қалалық жағажай маңында орналасқан Притобол саябағының аумағын тазалады. Ал Маңғыстау облысында Каспий теңізінің жағалауындағы қоқыс жиналды.

«Әр учаскеге мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері бекітілді. Олар өз учаскелерін үнемі қадағалап отырады. Яғни, бұл — біртұтас іс-шара емес. Осыны ескеру қажет. Сондай-ақ партия гоад-эстафета өткізіп, соның барысында бір аптадан аз уақыт ішінде 2 мыңға жуық белсенді Астана — Алматы тасжолын тазалады. Шамамен 100 тонна қоқыс қайта өңдеуге жіберілді. Біз қазір экологиялық сана мен мәдениет қалыптастыруымыз керек. Президент айтып өткендей, «Таза Қазақстан» жай ғана акция емес, бұл — өмір салты», — деді «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев.

Айта кетейік, су тасқынының қауіпті кезеңі аяқталғаннан кейін «AMANAT» партиясының 4 мыңға жуық белсендісі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері қарғын судан зардап шеккен тұрғындардың баспанасын ретке келтіруге көмектесті. Еліміздің барлық өңіріндегі барша партиялықтар саябақтарды, скверлерді, аулаларды тазартып, тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштерді тазалауда. Сондай-ақ сенбілікке шығып, ағаш егеді және өзге де іс-шараларды ұйымдастырады. Мәселен, 27 сәуірде, яғни небәрі бір күнде ел аумағында партиялықтар 55 мың түп ағаш екті.

Сондай-ақ экологиялық мәселелерді шешу — «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған маңызды басымдықтың бірі. Сайлауалды уәделерді жүйелі жүзеге асыру жұмысы аясында былтыр мемлекеттік орман қоры аумағына 302,7 млн түп ағаш егілді. Сонымен қатар 39 ірі өнеркәсіптік кәсіпорында ауаны ластауын бақылайтын автоматтандырылған жүйе орнатылды.

2027 жылға қарай партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және көлеге жарату үлесін 36%-ға дейін ұлғайту, Жайық өзенінің экожүйесін қалпына келтіру, Балқаш көліне тұрақты су ағынын қамтамасыз ету, ауа сапасының индексін енгізу, ластанған елді мекенде кәсіпорынның ауаны ластау нормативтерін 40%-ға дейін төмендету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 16 су қоймасын қайта жанарту және жанадан 14 су қоймасын тұрғызу жоспарлануда.

Халық пен билік арасындағы көпір

Азаматтардың құқықтарын қорғау — «AMANAT» партиясы Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің басты басымдығы.

«AMANAT» партиясының еліміздегі қоғамдық қабылдау бөлмесі өз жұмысын жалғастыруда. Өткен аптада партияның ел аумағындағы қабылдау алаңдарында министрліктер өкілдерінің, Мәжіліс және мәслихаттар депутаттарының, сондай-ақ өзге азаматтардың қатысуымен бірқатар кездесу өтті. Мәселен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы өмірдің қиын жағдайына байланысты несие мен уақытылы өтей алмаған қарағандылық зейнеткерге көмектесті. Жұбайы мүгедектігі бар адам болғанына қарамастан, банк оны қайта қаржыландырудан бас тартты. Мәдина Әбілқасымованы сот арқылы банкроттық рәсімдеуді ұсынып, қолданыстағы несие мен өтеу үшін қарияның зейнетақысын ұстап қалмауды тапсырды.

Ал Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Гүлжар Нұрмухамбетованың Алматы облысы Қосшы қаласының бір топ тұрғыны жүгінді. Осыдан 13 жыл бұрын ондаған отбасы жер учаскелерін сатып алыпты. Алайда үй құрылысын әлі күнге дейін бастай алмай отыр. Депутат бұл мәселені жер инспекциясымен бірге ерекше бақылауға алды. Сондай-ақ азаматтарды қабылдау барысында Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровқа қоғам қайраткері Жамилә Салқымова жүгініп, темекі және алкоголь өнімдеріне қатысты қолданыстағы акциздерді қайта қарауды ұсынды.

Жалпы, өткен аптада «AMANAT» партиясының ел аумағындағы қоғамдық қабылдау бөлмесінде 2 000-ға жуық азамат қабылданып, 3 000-нан астам өтініш келіп түсті.



ДЕПУТАТТАРДЫҢ ӨНІРЛЕРГЕ САПАРЫ БАСТАЛДЫ

Кеше Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары басталды. Жыл сайын каникулға кетер алдында аймақтарды аралауды дәстүрге айналдырған халық қалаулылары көптеген нысанды аралап, халықпен кездесіп, түрлі жиынға қатысады. Осылайша, жергілікті проблемаларды өз көзімен көріп, өз құлағымен естіп, тиісті органдарға жеткізуге бастамашы болады. Өңірлерге сапар шілде айының 10-ына дейін жалғаспақ.

ГАЗ ЖЫЛУ СТАНСАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Павел Казанцев, Татьяна Савельева, Самат Нұртаза, Марат Башимов және Дүйсенбай Тұрғанов Астанадағы «Тұран» газ жылу стансасының құрылысымен танысты.

Бүгінде қуаты сағатына 250 гигакалорий болатын 4 қазандық салу жұмысы жүріп жатыр. Бұл кадам алдағы жылу беру маусымында елорданың Нұра ауданында орналасқан тұрғын үйлерді бірінші жылумен жабдықтау жүйесіне қосуға мүмкіндік береді. Бұған дейін бұл нысандар жеке қазандықтарды пайдаланып келген болатын.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жылумен

тетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау комитетіне берілді. Сондай-ақ жылу энергетикасын дамытудың мастер-жоспары енгізілуде. Бұл кадам саладағы жұмысты жүйелендіруге және ретке келтіруге мүмкіндік береді. Астанада 2 жыл бұрын жылу тапшылығы болған еді. Алайда өткен жылыту маусымында қала алғаш рет профицитке шықты. Бұған «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансасы мен «Тұран» ГЖС-ның 1 кезеңі пайдалануға берілуі ықпал етті, — деді депутат Дүйсенбай Тұрғанов.

Депутат Павел Казанцев жылумен қамтамасыз ету мәселесі шешілгендіктен, «Тұран» ГЖС тұрғын үй құрылысына серпін беретінін атап өтті. Қорғалжын тасжолы бойында

ойын-сауық туристік аумағына және Қорғалжын тасжолы мен Сейфуллин көшесі арасындағы учаскеге жылу желілерін жеткізуге болады. Бұл жана тұрғын үйлерді, оның ішінде әлеуметтік нысандарды, сондай-ақ коммерциялық ұйымдардың ғимараттарын іске қоспақ.

— 2023 жылдан бері профицит деңгейіне жақындап келеміз. Яғни, жана үйлерді жылу желілеріне қосуға қатысты ешқандай шектеу жоқ. Сондай-ақ жылу желілеріне байланысты ақау да жоқ. Жанадан қосылған 3 станса қажетті гидравликалық режимді сақтауға мүмкіндік



береді. Біз Астананы артық шығынсыз жылумен қамтамасыз ете аламыз, — деді Астана қаласы Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Максат Есмағұлов.

Сонымен қатар депутаттар энергетиктердің ұсыныстарын тыңдады. Оның ішінде электр энергетикасы туралы заңға да қатысты ұсыныстар бар.

Сапар барысында мәжілісмендер өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарымен кездесулер, сондай-ақ азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар өткізеді. Тұрғындармен жүздесу барысында депутаттар сайлаушыларды қабылданған заңнамалық өзгерістер туралы хабардар етіп, азаматтардың тарапынан көтерілген аса маңызды мәселелерді зерделейді. Әрі қарай депутаттар Үкіметпен бірге осы мәселелерді шешу жолдарын іздейді. Депутаттардың өңірлердегі сапар қорытындысы күзде Парламент Мәжілісінің

жалпы отырыстарының бірінде жинақталады.

АМАНАТТЫҚТАР ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ерлан Саиров пен Ұлықбек Тұмашинов шекаралық Шемонаиха ауданының тұрғындарымен кездесті. Онда өңірдегі инфрақұрылымды дамыту, атап айтқанда жол мен интернет байланысы мәселесі көтерілді.

Тұрғындарды Шемонаиха—Өскемен тасжолын жөндеу мәселесі, Үбі өзені арқылы өтетін автомобиль көпірін жөндеу, интернет байланысының сапасы және басқа да мәселелер толғандыруда.

— Біздің қаламыз кішкентай, мұнда шамамен 20 мың адам тұрады. Бірақ біз де кез келген басқа қала сияқты сапалы медициналық қызметке мұқтажбыз. Біздің аудандық аурухананың ғимараты 1968 жылы салынған. Ал соңғы күрделі жөндеу жұмыстары 10 жылға жуық уақыт бұрын жүргізілген. Ішіне кіруге қорқасын. Қазір дәрігерлерге көтерме жәрдемақы

Өскемен арасындағы сапалы заманауи жолдың құрылысына тендер өткізіледі, — деді Ерлан Саиров.

Сонымен қатар халық қалаулылары Шемонаиха қаласындағы мектеп құрылысының барысымен танысты. Оқу орны 300 орынға есептелген, оны осы жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Нысан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатыр.

— Сапалы білім еліміздің әрбір баласына, ол үлкен қалада немесе ауылда тұрса да, қолжетімді болуға тиіс. Аймақтық тенсіздіктер біртіндеп жойылууда. Сондықтан депутаттар «Жайлы мектеп» жобасының жүзеге асырылуын бақылайды. Бүгін кездесулер Шемонаиха қаласында басталды, әрі қарай басқа аудандарда да жалғасады, — деді Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов.

Депутаттар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекарасындағы шекара бақылау-өткізу пунктін жұмысымен де танысты. Халық қалаулылары қолданыстағы жабдықтарды жаңарту, әскери қызметшілерді қамтамасыз етуді жақсарту және өткізу пункттерін жаңғырту мәселелерін бақылауға алды.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қостанай облысына жұмыс сапары барысында «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Екатерина Смышляева Қостанай қаласының орталық және мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барды.

Депутат Халыққа қызмет көрсету орталығында құжаттарды беру секторларын, операциялық және халықты құжаттандыру кабинетін көрді. Сондай-ақ тұрғындарды құжаттандыру, оның ішінде саусақ іздерін алу тәртібімен танысты. Осы мақсатта Қостанайдағы Халыққа қызмет көрсету орталығында шетелдік азаматтардың саусақ іздерін алуға арналған құрылыс бар. Қазақстандықтар үшін бұл рәсім ерікті. Бұған қатысты түзетулер депутаттар бастамашы болып, Мемлекеттік корпорация мәселелері бойынша заңнамалық актілерге енгізді.

Орталық қызметкерлерімен кездесуде Екатерина Смышляева құқық қорғау мәселелері мен салалық мәселелерді талқылады. Соңғы екі жылда республика бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметкерлерінің жалақысының деңгейі 100 пайызға өскені айтылды. Кадрлардың кетуі айтарлықтай азайған. Сонымен қатар орталықтарға деген сұраныс әлі де жоғары, бірақ онлайнға көшу үрдісі де қарқын алуда.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында депутат дайын құжаттарды беру секторы, операциялық зал, теориялық кабинетпен және автодром жұмысымен танысты.

— Сыйбалас жемқорлықпен күресуге бағытталған жүргізуші куәлігі емтихандарын тапсыру рәсімін орталықтандыру мәселесінің екіжақты екенін көрсетті. Кезек күту, емтихан тапсыру үшін аумақтық бөлімшелердің, тегілеу алаңдарының жоқтығы, жабдықтың дұрыс жұмыс істемеуі және басқалар. Сонымен қатар автомобиль өнеркәсібінің өркендеу дәуірінде теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру үшін жүздеген шақырым жол жүруге мәжбүр көлік иелерінің саны да артып келеді, — деді Е.Смышляева.

Автосервис орталықтарының баланында тұрған автодромдарды ұстау мәселесі де көтерілді. Бұл тұрғыда олар қаржылық және ұйымдастырушылық қиындықтарға тап болуы ықтимал. Автосервис мен техникалық қызмет көрсету стансаларын лицензиялау мәселелері де сөз болды. Екатерина Смышляева осы түйткілдерді реттейтін заң Сенатта қаралып жатқанын атап өтті. Түзетулер қабылданған соң тексеру беткерлерінің жұмысына рұқсат беру тәртібі және тиісінше рұқсат беретін бақылау пайда болады.

Н.ОРАЗҒАЛИЕВ



жабдықтау мәселелерін шешу мақсатымен «Тұран» ГЖС құрылысы жалғастырылуда. Алғашқы қазандық былтыр пайдалануға берілді.

— Жуырда біз «Жылу энергетикасы туралы» заң қабылдадық. Бұл құжат аталған саладағы мемлекеттік қадағалауды күшейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, жылу желілерін бақылау қызметі жергілікті атқарушы органдардан Энер-

казандықты пайдалануға беру арқылы жылу тапшылығы бар негізгі аумақтарды және Сығанақ көшесінің оңтүстігінде, Тұран даңғылының батысында орналасқан болашағы бар құрылыс аумақтарды жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қазақстандық ипотекалық компанияның тұрғын үй кешені салынып жатқан «Эллингтон» көпбейінді отбасылық

TOMIRIS ЖОБАСЫ:

2024 ЖЫЛҒА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

«AMANAT» партиясының Саяси менеджмент академиясы әйелдердің саяси шешімдер қабылдау процесіне қатысуын кеңейтуге бағытталған Tomiris атты әйелдердің саяси көшбасшылығын дамыту бойынша партиялық жобаға қатысуға үміткерлердің құжаттары қабылдана бастағаны туралы хабарлайды.

Tomiris партиялық жобасы аясында жоғары көшбасшылық әлеуеті бар және жергілікті өкілді органдардың тетіктері арқылы өз бастамаларын ілгерілетуге дайын белсенді әйелдер оқиды.

Бұл маусым барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттық қызметі аясында саяси бастамаларға жол ашу мен жүзеге асыру төңірегінде өтпек. Оқу аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында саяси бастамаларды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін дағдыларды, білім мен құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Алматы қаласында үш күндік оқу бағдарламасынан өту үшін Қазақстанның барлық аймақтарынан 40 қатысушы іріктеледі. Оқу көшбасшылық, саясаттағы гендерлік мәселелер, Қазақстан саясаты және

трансформациялануы, көпшіліктің алдында сөз сөйлеу, жобалық менеджмент әдістері, ойлау дизайны бойынша модульдерді қамтиды. Бағдарлама барысында Қазақстан мен Германияның көрнекті саяси қызметкерлермен кездесулер көзделген. Оқудың қорытындысы бойынша қатысушылар өз өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге ықпал ететін, сондай-ақ халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған өз бастамаларын жүзеге асыру үшін құралдар мен тәсілдерге ие болады.

Қатысушылардың жолақы және Алматы қаласында тұру шығындары ұйымдастырушылардың есебінен өтеледі. Бұл жобаға басшы лауазымдарында, ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар, әлеуметтік-экономикалық және саяси жобаларды жүзеге асыруға атсалысқан, жоғары кәсіби, іскерлік қасиеттері мен көшбасшылық әлеуеті бар әйелдер қатыса алады.

Байқауға өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін толық құжаттар топтамасын тапсырған, 1-8-шақырылымдағы барлық деңгейдегі мәслихаттардың әйел депутаттары қатыса алады.

Хаттын тақырыбында «Tomiris / Аты-жөні / аймақ» деп жазып, электрондық поштамен (info@arm.amanatparty.kz) мына құжаттарды жолдау қажет:

- жеке куәлік көшірмесі;
 - Youtube платформасында орналастырылған бейне-презентация, тақырыбында қатысушының аты-жөні мен өңірі көрсетілуі тиіс, ұзақтығы 60 секундтан артық емес (60 секундтан асып кеткен бейнероликтер іріктеуге қатыспайды);
 - түйіндемесі/СV;
 - жұмыс орны басшысының және мәслихат хатшысының, аймақтық партия филиалы басшысының қолы қойылған, еркін нысанда екі ұсыным хат.
- Конкурстық комиссия қатысушыларды ұсынылған құжаттарды (түйіндемесі, бейне-презентация) бағалау және онлайн-әңгімелесу қорытындысы бойынша іріктейді.
- Іріктеу шарттары: барлық деңгейдегі мәслихаттардың бұрынғы және қазіргі депутаттары, қойылған сұрақтарға жауаптары бар презентация, әлеуметтік маңызды проблемалар бойынша бастамалардың/жобалардың болуы.
- Әйелдердің саяси көшбасшылығын дамыту бойынша Tomiris партиялық жобасы ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен іске асырылуда.





Елдос СЕНБАЙ

АРАЛДАҒЫ ӨРТКЕ
КІМ КІНӘЛІ?

Грекияда қазақстандықтардың тарихи мұраға нұқсан келтіргені және жалғыз қарағайлы орманды өртеп кеткені туралы суыт хабар әлемдік ақпарат құралдарында бір күнде – 22 маусымда, бірінен соң бірі жарияланды.

Бірінші оқиға туралы аталған елдің Мәдениет министріне қарасты Помпей археологиялық паркі (Parco Archeologico di Pompei Ministero della Cultura) жария етті. Оған сілтеме жасап, Euronews хабарлауынша, қазақстандық саяхатшы көне шаһардың орны – Помпейдегі археологиялық паркте, «Цейлар үйі» жәдігерінің қабырғасын бүлдіргені үшін тұтқындалды. Ол тарихи экспонаттың қабырғасына АІІ деп қырып жазған. Ер адамға енді «Грекия мемлекетіне келтірілген ірі шығынның орнын толтырып, тарихи мұраны қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеуге тура келеді».

Ақпарат алғаш археологиялық бақтың ресми сайтында пайда болды. Онда келтірілгендей, 1913–1914 жылдары археологтер аршып алған «Цейлар үйі» – біздің заманымызға дейінгі II ғасырдың, кейінгі самнит дәуірінің мирасы. Тиісінше, бұл нысан бүкіл дүниежүзі бойынша сол ежелгі замандағы байырғы баспананың сирек, бірегей үлгісі саналады.

Тарихи деректерге сәйкес, бұл баспананың қожайыны магистрат Луций Цей Секунд болған. Мұны сол заманда үйдің қасбетіне сәулетшілер арнайы қашап түсірген тарихи жазба қуаландырады. Енді қазақстандық еркек соның қасына өз атын қашап қалдырмақ болғаны үшін ұсталды.

«Қазақстаннан келген туристі қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері өткен сенбі күні, таңертең ұстап алды. Ол Помпейдің археологиялық паркіндегі Цейлар үйінің ақ іштукатуркасына АІІ деген сөзді қашап жазып жатқан кезде тоқтатылды», – деп мәлімдеді музейдің пиар-офисінің өкілі Euronews-ке берген сұхбатында.

Ақпарат құралдарының жазуынша, қылмыстық оқиға туралы музей қызметкерлері дереу парктің жанында орналасқан карабинерлердің стационарлық бекетіне хабарлаған. Жедел жеткен жергілікті полиция заң бұзушының қолына кісен салды. Би-Би-Си хабарлауынша, қазақстандыққа архитектуралық, тарихи ескерткішке келтірген шығынның өтеуіне тура келеді. Шығынның нақты сомасы техникалық сараптама өткізіліп, қорытындысы шыққан соң белгілі болмақ.

«Атын шықпаса, жер өрте» деген қарғысқа бергісіз ауыр сөзді ата-баба ұрпағын қитұрқы қарекеттерден сақтандыру үшін айтып қалдырған. Бірақ мұны тікелей түсінгендер табылғандай. Шетелдік ақпарат құралдары бастапқыда жазғандай, Қазақстаннан барған туристер тобы Грекияда кемеден отпашу атып, аралды өртеп жібере жаздаған-мыс. Бұл оқиға грек қоғамының қабырғасына батты. Өйткені кейінгі жылдары климаттық дағдарыс аясында ауа шектен тыс қызып, Грекияда алапат орман өрті болып, ондаған мың гектар аумақты тілсіз жау жалмады.

Оқиға 21 маусымның кешінде Агиос-Николаос жағажайының ауданында болды. Грекиялық Topica басылымы жазғандай, оның жағалаулық су айдынында ауқатты қазақстандық саяхатшылар жалға алған VIP-кеме келіп тоқтап, зәкір салған. Жатжұрттық туристер қызды-қыздымен кемеден құрлыққа бағыттап, отпашу ұйымдастыра бастайды. Қазір бүкіл Грекияда, соның ішінде аталған ауданда да 40 градустан асатын аптап ыстық үстемдік етіп тұр. Құрғақ шөпке ұшқан тиіп, өрт қаулап қоя берген-мыс.

«Шетелдік туристер не істеп қойғандарын түсінгенде, жағаға жетіп, өртті өз бетінше сөндіруге тырысқан. Бірақ бұл қолдарынан келмеген соң кешігіп өрт күзетіне қонырау шалған және оқиға орнынан тайып тұрған», – деп жазды ProNews арал билігінің ресми ақпаратына сілтеме жасап.

«Тілсіз жаумен» күреске өрт сөндірушілермен қатар жергілікті волонтерлер,

АТЫҢ ШЫҚПАСА,

**Тойып, байып
Тсекіргендердің
жойдасыз қылықтары ел
аузында мәтелге
айналып үлгерді.
Әсіресе, демалыс
маусымында отандық
туристердің келеңсіз
іс-әрекеттері туралы
ақпараттар демалыссыз
шығып жатыр.**

**Өзін қойып, бүтіндей
ұлттың атына кір
келтіретін, мемлекеттің
беделін түсіретін мұндай
жағдайлардың белең
алуы абырой
әпермейтіні анық.**

күәгерлер де жұмылды. Сондай-ақ жергілікті билік биіктен су шашуға тікұшақ ұшыруға мәжбүр болған. Осының өзі өрттің ауқымынан хабар береді.

«Кейбір адамның сонша жауапсыздығын паш ететіні, қарағайлы орман жаққа қарай фейерверк атқаны біздің ашуымызды туғызды», – деді Гидра (Идра) мэрі Гиоргос Кукудакис. Ол өз өкімшілігінің өрт туғызған қазақстандықтардың үстінен дереу сотқа шағым түсіретінін қосты.

Былтыр Грекия қасақана және абайсызда өрт тудыру үшін жазаны күрт қатайтты. Айыппұлдар көлемі 200 мың еуроға дейін ұлғайды. Ең жоғарғы жаза 20 жыл бас бостандығынан айыруға дейін жеткізілді.

Ақпарат құралдары сол күндері Грекия билығы бірінші «жылу сокқысын» бастан өткергеніне назар аударғаны. Салдарынан бірқатар өңірде ауа температурасы 44 градустан көп қызып кеткен. Мұндай жағдайда тұрғындар да, туристер де өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң сақтауы тиіс. Отпашуларға қатаң тыйым салынған.

ОЛИГАРХ АЙЫПТЫ
ЖОҚКА ШЫҒАРДЫ

Бұл оқиға жаһанға жария болысымен Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров Грекияның ресми орындарына сілтеме жасап, сол өртке айыпталып, ұсталғандар арасында қазақстандықтардың жоқ екенін және Қазақстан азаматтарына ешқандай шағым қойылып отырмағанын мәлімдеді.

Алайда артынша қазақстандық БАҚ OCCRP тәуелсіз журналистік ұйымның зерттеуіне сілтеме жасап, Грекияда өртелген арал жанында аялдаған яхтада қазақстандық олигархтар болғанын жарыса жазды.

«Аралдағы өрт үшін ұсталған адамдар арасында Қазақстан азаматтарының жоқтығы белгілі болды. Анықталғанындай, кемеді болған отандық олигархтар дереу елден кетіп үлгерген. OCCRP әшкерелегендей, «Персефони I» яхтасында 7 қазақ болған. Олардың бірі – олигарх Данияр Абылғазин. Қонақтар арасында KMG International NV ұлттық мұнай компаниясының бұрынғы топ-менеджері мен оның қызы да болған. Грекиялық аралды «тілсіз жау» жалмап жатқанда бизнесмен Абылғазиннің жеке ұшағы жедел түрде Афинадан Алматыға ұшып шықты. Сот құжаттары куәландырғандай, оның бортында олигархтың әйелі Айдан Сүлейменова мен ұлы, басқа да биік лауазымды тұлғалар болды», – деп жазды ақпарат көздері.

Гидра аралындағы орман өрті 300 мың шаршы метрді жайпады.

Шығын одан да көп болуы мүмкін еді, бірақ көтерілген жел өртті орманнан аулаққа бұрып әкетіпті. 22 маусым күні Грекияның ұлттық өрт қызметі оқиғаға қатысы бар 13 гректің ұсталғаны туралы мәлімдеді. Олар кемелінің қызметкерлері болғанға ұқсайды. Әйткенмен, құны 250 мың еуро тұратын қымбат кемелі жалға алған қазақстандықтардың ешқайсысының қолына кісен салынбаған.

Ақпарат құралдарының мәліметінше, олигарх Данияр Абылғазин «Қазақстанның ең бай 75 тұлғасының» бірі (рейтингте 21-орында тұр). Оның ауқаты 380 миллион доллардан асады деп бағаланады. Ол SinoOil, Gas Energy, Qazaq Oil жанар-жағармай құю стансалары желілерінде, PTC Operator, Petroleum, «РТИ-АНПЗ», SilkwayTransit және басқа компанияларда үлеске ие.

Артынша ақпарат құралдары Пирей қаласының прокуратурасы сегіз қазақстандық қатысты «өртке арандатты» деп қылмыстық айып таққанын хабарлады. Грекиялық Protothema басылымының жазуынша, зерттеу көрсеткендей, бір топ қазақстандық аралда да отпашу ұйымдастыруы мүмкін. Бұл қазақстандықтар өрт басталған кезде кемелінің ішінде емес, тікелей Агиос-Николаос жағажайында болған. Өйткені 26 маусымда тергеу іс-қимылдарын жүргізу кезінде жағажайда петардалардың қалдықтары мен фрагменттері табылды.

Осы деректерден кейін кеше бизнесмен Данияр Абылғазин Гидра аралындағы өртті тергеуге қатысты мәлімдеме жасады. Тергеуді Грекия билігі жүргізіп жатыр. Кәсіпкер БАҚ-та дұрыс емес және жанылыстыратын ақпарат таралып жатқанын жеткізді. Мысалы, ол өрт бола сала қашып кетпегенін білдірді: үшу әу бастан сол күнге жоспарланыпты. «Күәлік етпей кетті» дегенді де мойындамады.

«Мен грекиялық Гидра аралында болған өртке байланысты үлкен өкініш білдіремін. Мен «Персефони I» яхтасын 2024 жылғы 15 маусым күні түскі 12:00-ден 22 маусым күнгі 12:00-ге дейін арендаға алдым. Ондағы мақсат – өзім және қонақтарым үшін Грекия аралдары бойынша круиз ұйымдастыру болатын. 22 маусымда жоспарланған Грекиядан ұшып кетудің алдында бізбен Грекияның билік органдарының өкілдері сөйлесті. Бірақ олар маған немесе менің қонақтарыма оқиғаға байланысты ешқандай талап қойған жоқ. Сондықтан біз ертеректе белгіленген саяхат жоспарын ұстануды жалғастырдық. Бірқатар қонағымыз 21 маусымның таңында-ақ кетіп қалғанын атап өткенім жөн», – деді Д.Абылғазин.

Ол елге оралған соң масс-медиада жариялана бастаған айыптар туралы есту – өздері үшін еш күтпеген жайт болғанын нықтады.

«Мен қандай да бір құқықбұзушылықты үзілді-кесілді жоққа шығарамын. Мен де, менің қонақтарым да өртке соқтыруы мүмкін ешқандай іс-әрекет жасаған жоқ.

Біз яхтада бекітілген өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтадық. Мен де, менің қонақтарым да яхта экипажынан немесе өзге үшінші тұлғалардан өртке соқтыруы мүмкін қандай да бір іс-қимыл жасауды сұраған емеспіз. Біз әрдайым барлық қажетті қауіпсіздік шарасын ұстанамыз және сондай оқиғаларды болдырмау үшін заң мен нормаларды қатаң сақтаймыз», – деген Данияр Абылғазин жүргізіліп жатқан тергеу аясында Грекия билігімен ынтымақтасатындарын жеткізді (өз атынан ғана емес, көпше түрде «біз ынтымақтасамыз» деді).

ГРЕКИЯ ОҚИҒАСЫНЫҢ
САБАҒЫ ҚАНДАЙ?

Қалай болғанда, әлемдегі вандализм оқиғаларының қазақстандықтармен байланыстырылуы елге сын, мемлекет беделіне дақ. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Сергей Пономарев Қазақстанның өзінде вандализм кең таралғанын, қазақстандықтар өзге елге барғанда жаман әдетін тек қайталайтынын қынжыла жеткізді.

«Қазақстанның елді мекендеріндегі бейбастақ істер әлдебір соғысты елес-

қиратып жатқанын айтады. Оған да тоқтау жоқ. Тарихи орындардағы қазба жұмыстарын лицензиялауды тәртіпке келтіруді, сондай-ақ тарихи ескерткіштер орнында құрылыс жүргізуге рұқсат ететін ғалымсымақтардың жалған қорытындыларына тосқауыл қоюды Президент талап етті.

Қазақстанда былтыр заңнама күшейтіліп, вандализм үшін жаза қатайтылды. Алайда С.Пономаревтің айтуынша, нәтиже шамалы: халық айыппұл салынатынын не білмейді немесе айыппұл ешкімді үркітпейді.

«Вандализмге жай, қатардағы әкімшілік және қылмыстық іс деп қарамауымыз керек. Бұл – Ұлы даланың өткеніне, ата-баба мирасына жасалған жойқын соққы! Салдарынан көшпенділер өркениетінен хабар беретін тарихи жәдігерлер қалмай барады. Бірегей артефактілерді жою ұлттың бірегейлігін, ұлттық қоды жоғалтуға соқтырады. Бұл проблеманы шұғыл және іс жүзінде шешу керек. Үкімет тарихи-мәдени объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған заңнама талаптарының орындалуын ерекше бақылауға алуы тиіс», – деді С.Пономарев.

АРАЛ
ӨРТЕ

тетеді. Жас адамдар жүзеген орындықты сындырады, қокыс жәшіктерін өртеп кетеді. Ғимараттардың қабырғасына ғана емес, тіпті ескерткіштерге де бейәдеп сөздер жазып тастауға бейім тұрады. Құптаған қарқ-қарқ күлкі аясында тұтас тобыр болып әлдебір нысанды қиратып жатады. Бұл жігіттер үшін қасиетті ештеңе қалмағаны ма? Вандализм қоғамдық құндылықтарды күйретеді», – деді мәжілісмен Үкіметке жолдаған депутаттық сауалында.

Депутат вандализмге тосқауыл қою шараларын күшейтуді, көшелерде, тарихи, мәдени және табиғи мұра объектілерінде жалпы саны 28 мың бейнебақылау камерасын орнатуды ұсынды.

«Мен депутаттық сауал жасап жатқаныма Жетісу аумағында жарылыс болды. Талдықорған жанында құрылысқа қажетті қиыршықтасты өндіру үшін байырғы петроглифтер түсірілген тарихи қорғандарымыздың қалған жұрнағын мақсатты түрде жойып, жарып жатыр. «Энергострой» компаниясы петроглифтер тауында таулы жыныстарды жұмсарту үшін жарылыс жұмыстарын жүргізетіні туралы халықты жария құлағдар етіпті. «Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтарынан жарылысты естігенде дүрлікпеуге және түсіністікпен қарауға шақырамыз!» делінген хабарландыруда. Біз депутаттық сауалымызға сырғытта жауап қана алдық», – дейді Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев.

«Қазақстанда «Тасбақа-Черепиха» аталған таудағы петроглифтерге және оның жанындағы 33 сак қорғанына жойылу қаупі төнді» деп Би-Би-Сиге дейін дабыл қағып келеді. Шенеуниктер былк етер емес.

Депутат металіздегіш жабдықтарын көтерген «қара қазушылар» қорғандарды опыра қазып, тарихи мұраларды жаппай

Мұның сыртында мәдени мұра нысандарын қорғау, күзету, зерттеу, вандалдар бұзып, бүлдіргенін реставрациялау жұмысын жандандыру, осыған жауапты орталықтар инспекторларының өкілеттігін кеңейту қажет. Вандализммен күрес шараларын өрістетуді ел арасында түсіндіру жұмыстарын кеңейту маңызды.

Әуесқой археологтарға металіздегіш қолдануға тыйым салу, бұл қызметті лицензиялау ұсынылды.

Депутаттарға жауабында Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіріп, бұзғаны үшін жаза ары қарай күшейтілетінін хабарлады. Осы мақсатта тиісті түзету Парламентте қаралып жатқан «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы жобасында қарастырылмақ.

–Вандализмнің алдын алу үшін биылғы 2024 жылы елде шамамен 43 мың бейнебақылау камерасын және 350 аппараттық-бағдарламалық кешенді орнату жоспарланып отыр. Бұл бюджеттен жалпы сомасы 42,4 миллиард теңгені қажет етеді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың басынан бейнебақылау камераларының көмегімен шамамен 1,5 мың қылмыстық және 95 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталды, – деді вице-премьер Р.Скляр.

Ең бастысы, петроглифтер мен қорғандарды қиратушы әрекеттерге тоқтау салу керек. Грекиялықтар әлем назарын аудартып, әрбір тарихи қабырғасын, әрбір аралын алақанға салып аялап жатқанда Қазақстанда тұтас петроглифті тау мен сак қорғандарының аусыз қиратылып жатқаны өкінішті-ақ.

P.S.

Айтқандай, өткен аптаның соңында кейбір қазақстандықтардың АҚШ-та да абыройсыздыққа қалғаны мәлім болды. Әлеуметтік желіні пайдаланушы Шәкәрім Абдоллаев жариялаған Америкадағы қазақстандықтардың вандализмі туралы видеоролик қоғамдық резонанс туғызды. Әлдекімдер америкалық Чикагоның қак ортасында, ескерткіштің тұғырына «Атырау Қазақстан», «Шымкент» деп тұған қалаларының аттарын кириллицамен қашап жазып кетіпті. «Қазақстандықтар барған жерін бүлдіреді» деген жақсы атақ болмаса керек. Шетелге шығатын турист жеке тұлға ғана емес, белгілі дәрежеде өз елінің, төл болмысы мен мәдениетінің елшісі екенін де естен шығармағаны абзал.

— Жанұзақ Керімбекұлы, қазақтың кәсіби сурет өнерін біз Әбілхан Қастеевтен бастаймыз, ол кісінің туғанына биыл 120 жыл толды. Одан бергіде біздің ұлттың сурет өнері қандай деңгейге көтерілді, қалай ойлайсыз?

— Кәсіби өнер дегенде біз бірінші қазақтың күнделікті тіршілікте қолданған сонау ертеден бері қалыптасып өмірге сіңген өнерден бастағанымыз абзал. Олай дейтінім, біз өнер дегенде кеңестік кезеңнің посткеңестік кескіндемесін еске аламыз. Ол кешегі өткен саясатқа байланысты құрылған карапайым халықты ұйытып, өнер арқылы өзгеріске енгізудің түрі ғана болды. Ал таза өнер бізде ертеден бар. Тас ғасырынан бері қалған петрографты даламыздағы қорғандарды және балбал тастарымыз сол өнердің қазақ жерінде бастауының дәлелі емес пе?! Ендеше біздің ата-бабаларымыздан бойымызға сіңген өнері әрбір қазақтың бойында бар, мен оған сенемін. Қазақ ертегісін ауыз әдебиетінен тындап өстік. Тіпті, әжелеріміздің айтатын ертегілерінде Жестырнақ, Таусоғар, Желаяқтардың артында аңыздың шындыққа ұласатын тұстарын қайда қоямыз? Тас дәуіріндегі тасқа қашалған таңбалы тас қазақ даласының кез келген жерінен табылады. Біздің бағымызға орай, жерімізде қаншама топалаң ойран болғанымен, баскыншылар тасты өртеп алып кете алмады. Тас құмға оранып, өз тарихын бойында ұстап, бүгінге дейін бізге ақпараттың айтып жатыр. Соның арқасында талай дүниемізді түгендеуге мүмкіндік туды. Ал сол ертегідегі Жестырнақ неге алтын, күміс, қола, алюминий тырнақ емес. Себебі тас дәуірінен кейінгі жездің кезеңінде бізде сауыт-сайман, ыдыс-аяқтарымыз, яғни жезден жасалған дегенді дәлелдейді. Одан бергі биік пирамидалар да бұрын тұрғызылған дөңгелек сыртынан алтын атпен қатар жүретін айналма жолдарымен қоршалған қорғандарымыз арқылы ертедегі ата-бабаларымыздың жылқы ұстап, өркениеттің алдыңғы қатарынан болғанын аңғару қиын емес. Оған айтар дәлеліміз жеткілікті. Өткен ғасырда археологтарымыз тапқан Алматы облысы Есік қаласындағы Алтын адамымыздың өзі қаншама тарихымыздың байлығын дәлелдеп берді. Ал енді Алтын адамның үстіндегі киім үлгісінің өзі бір бөлек әңгіме. Киімінен бөлек, қолындағы қаруы, жапсырма белгілері, сауыт-сайманындағы жүздеген алтын құйма, бүгінгі тілмен айтсақ, логотиптік кескіндеме өнерінің негізі. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі жеріміздегі болған нақты халқымыздың тыныс-тіршілігі еді. Бұл кәсіби сурет бейнелеу өнері қайдан басталады



Жанұзақ Мүсәпір, суретші:

МЕНІҢ ӨМІРІМ ДЕ, ӨНЕРІМ ДЕ – СУРЕТШІЛІК

Сурет – өлмейтін өнер. Биыл даңқты суретші Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толып отыр. Осы ретте суретші Жанұзақ Мүсәпірмен сұхбаттасудың реті түсті. Сонымен қатар суретшінің «Балалықтан даналыққа жол» атты полиптихы Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығына бақ сынау үшін іріктелген шоғырға еніп отыр. Суретшімен әңгімеміз төмендегіше ербді.

Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының Көркем-сурет графика факультетіне түсіп, 1984 жылы бітірдім. 45 жыл бейнелеу өнерін серік етіп келемін. Менің өмірім де, өнерім де – суретшілік.

— Қазір әлемде «жұмсақ күш» деген ұғым пайда болды. Өнер арқылы өз елінің мүддесін қорғау, насихаттау. Сіз бірқатар шет мемлекеттерге шығып, өзіңіздің сурет машығыңызды көрсетіп, көрме де ұйымдастырып жүрсіз. Қателеспесем, Сирияда, Түркияда Қазақстанның атынан жұмыс істедіңіз. Сол туралы толығырақ баяндап берсеңіз.

— Иә, жұмсақ күш деген ұғымның пайдасы зор. Бір мемлекеттің басқа елдерді өз мақсатына еліктеу немесе иландыру арқылы өзінің қалаған нәрсесіне қол жеткізу мүмкіндігі ғой. Күштердің түрі көп, сіз сұрап отырған жұмсақ күш (soft power) іс-әрекет пен ақыл-ойдың үйлесімділігінен техникалық революция ғана емес, этика-эстетикалық тәлім, мәдениетте резонанс туғызып үлгерді. Ата-баба дәстүрін кейінгіге эволюциялық жолмен қалдыру – мемлекет имиджінің қалыптасып, ғаламдық дамуына жол бастайды. Демек, көне тарихты танытып, өнерді өрге шығару арқылы «ұлттық қолты» регрессіз сақтауға болатын ұғым. Өнер арқылы өз елінің мүддесін қорғап, әлемдік деңгейде танымалдығын насихаттау деген сөз. Танымалдылық дегеніміз – өнерімізбен әлемді мойындату. Қандай өнермен дейсіз ғой, менің өнерім – бейнелеу өнері. Бала күнімдегі арманыма қол жеткізу үшін бар ақыл-парасатымды сурет өнеріне арнап келемін. Оның үстіне, көп жыл ақпарат саласында қызмет істеп жүріп, елімізде, тіпті әлемде болып жатқан жаңалықтарды қалт жіберген емеспін. Тіпті, қазірдің өзінде қоғамдағы атқарылып жатқан игі істердің қалай басталып, қандай деңгейде жүргізіліп жатқанын қадағалап отырамын. Бұл менің суретшілігіме өте керек. Түркияның астанасы Анкарада Қазақстанның атынан «Түркістан» – 2021 атты картинамыз жазып қалдырдым. Қазақстан түркі елінің түп тамыры, алтын бесігі екенін аңғартатын картина осы сіз сұрап отырған жұмсақ күштің бір жауабы болса керек. Суретшіге керекті көрме және шетелдерге шығып, пленэр мен симпозиумдарға көп қатысу. Бұл – менің бұрыннан ойыма түйген басты қағидам. Менің картиналарымыздың негізгі бағыты қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрлері мен ән-жыры, әдебиеті, мәдениеті, көңіл күйі. Шетелге көрмені көрсету үшін оған үлкен дайындықпен барған жөн. Айтқалы отырған тағы бір көрменің тақырыбы «Балалықтан даналыққа жол» атты әл-Фарабидің өміріне арналған бес топтама (полиптих) жеті жылға жуық ізденіп, төрт жыл жазылды. Бұл топтама «Әлемнің екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына арналған. Полиптихтің биіктігі – 1,8 метр, ұзындығы – 11,5 метр. Кенепке майлы бояумен әртүрлі техниканы қолдану арқылы жаздым. Картина жазылуы мен көлемі жағынан да суретшілердің қалыптасқан стандарттарын өзгертіп, жаңа қолтаңбамен өзгеріс енгізілгенін байқайсыз. Бірінші және соңғы бесінші полотнаның көлемі бірдей. Картиналардың түркі тігінен қарауға ыңғайлы, жинақы көрінісін байқайсыз. Ортасындағы екінші, үшінші және төртінші топтамаларды үлкен көлемде, қалыпты үлгіні сақтай отырып орындадым. Топтаманы қатар көргенде көз алдыңызға бейне бір фильмнің қойылымын қызықтағандай боларсыз. Басы-аяғы, алды-арты тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіндей спектакль секілді әсер береді. Полиптих жазылып аяқталғаннан соң алты қалада көрмеде болды. Бірінші Египетте Каир қаласында,

екінші Алматы қаласында, қазіргі Жетісу облысының Талдықорған қаласында және Астана қаласында. Бесінші Түркияның Анкара қаласында болса, алтыншы көрмесі Сирияның Дамаск қаласында.

— Бұл туындыда не салынды және қандай ерекшелігімен танымал дегенге тоқталып өтсеңіз?

— «Балалықтан даналыққа жол» атты картинада әл-Фарабиді терең зерттеп, бүгінгі ұрпаққа таныстыру жолында көп іздендім. Тарихи тақырыптардағы сюжет бейнелеу өнерінің ең асыл түрі болып табылса және бейнеленген барлық кейіпкердің өзара әрекетін, эмоциясын айқындауға зер салдым. Жазу барысында шығармама көркем бейнелеу мен сызба таңбалар жүйесіне сүйене отырып, кәсіби тұрғыдағы барлық талапты сақтап және ерекше жанрда нақты тақырыпты қамтып, бейнелеу өнерінің түрлі стилінде жазылған туындым. Әл-Фарабидің әр елде түрлі тілде сөйлейтін халықтардың арасында жүріп дипломатиялық қарым-қатынас жасағаны картинада көрініс тапқанын аңғарасыз. Әлем халықтарының 70 тілін білген тұлғаға кіші көлемде шығарма жазу мүмкін емес. Сол үшін бес томға бөлімді. Бірінші картина – балалық шақ. Әбу Насыр жас күнінен білімге үйір болып өскенін анық байқауға болады. Полотноның негізгі бетінде қырынан отырып ақ көйлекпен малдас құрған, шұқшия кітапқа үнілген он

“

Бес түрін айтайын, сурет өнерінің атасы алғаш сызбамен тасты тырнап, қашап, белгілерді салуды графика десек, сол графикадан балбал тастарымыздың алғашқы бейнелері денеге айналып, мүсінге ұласады. Адам ата, Хауа ана болғалы өмірге керекті тұрмыс, салт-дәстүр өнері қалыптасқан. Ендеше қолданбалы өнер деген сөз содан пайда болды. Әр шығармасы құлпытке айналған, істеген жұмыстарын жауһарға айналдыратын шебер суретшілер дүниеден өткен.

екі, он үштегі Әбу Насыр терезенің кең кернеуінде отыр. Күннің ыстық қызын да ескерместен кітаптың қызығына ниеті әбден ауғанын аңғарасыз. Үйдің ішкі көленкесі салқын, суық түстермен көмкеріліп, қоныр қараға тән қою дала колоритімен жазылған. Ауланың ішкі көрінісі ортаазиялық архитектура сызықтарымен ашық аспанға ұласады. Жұмыста геометриялық түйіндесулер методикасын суретші пайдалану қыл суығанды шеберлікпен мейдаланған. Одан бері асық ойнаған балалар, ұшып-қонған кептерлермен кескінделіп, түйе сауған өйелдердің қимылынан ерекше анатомиялық пластика айқын сезіледі. Алтыбақан тепкен жастардың әнімен бірге саудагерлердің қызу әңгімесін тыңдайсыз.

Екінші картина – түркі жұртының жарық жұлдызы әл-Фарабидің туған жері Фараб-Отырар қақпасы, қазақтың сак қорғандары балбал тас, петроглифтер мен таңбалы тастардың көріністері және Отырар теңгелері төменгі тұста көрінеді. Шаш-Ташкен қаласының ескі қақпасы мен тарихи күмбездері қамтылған. 150-ге

жуық философиялық және ғылыми трактаттың алғашқы жазбалары түскен Самарқан қаласын көрген адамның көзі астындағы ескі шаһар өміріне қызықпай өте алмайды. Осы үйлерде әл-Фараби тұрып білім алған, тұңғыш ғылыми жұмыстарын жазып отырғаны бар. Оған да мән берген кісі сол жағында Шамға кіріп бара жатқан арбалы аламы байқайды. Төменгі тұсында қыштың көп түрлерін менгерген технологиялары өркендеген қалалар. Фарабидің ақылды қалаларға деген қызығушылығы оянған және трактаттары жазылған жер. Қатарында Ұлықбек обсерваториясының белгілері айқын суреттелген. Бұқара қаласының көне тарихын дәлелдейтін ағаш есік астынан үстіне қарай күрделі мазоктармен жазылып, бір картинаға сыйдырылған. Алғашқы білім алған қалалары, жүріп өткен жолы, қазақтың түйелері, оған артылған аспаптар мен киіз үй нышандары арқылы бердім.

Үшінші картина – Мерв қаласы әл-Фарабидің хронологиялық тәртіпте өмір сүрген шаһарларының бірі. Кескіндемеле түрікменнің тарихи кітапханасында болғанын айқындайтын ұлттық ерекшеліктері, киім кию үлгілері суреттелген. Кілем тоқу, музыка өнері, зергерлік зердесін Хамадан-ның білімімен алған тәлімі, Мешхелдегі оқулары Нишапурмен жалғасады. Рей қалаларына барған кезде ол басқа түйеге ауысып түрікмен және Иран түйелеріне мінгенін байқаймыз. Картина жазу барысында әрбір материалға, тарихи деректеріне ерекше мән бердім және астынан үстіне қарай полотноны үшке бөлдім. Астыңғы қатарында әл-Фарабиге дейінгі заманның көрінісін қорғандар мен арқалар, жол бойындағы тарихи кесенелердің сұлбалары, тенге, қыш ыдыстар, ескі құмыралар сияқты артефактілердің фрагменттері логотиптік белгілері де жік-жігімен айқын. Жоғарғы көрінісін сол замандағы дамыған өркениеттің көрінісі, мешіт ғимараттары қалалардың сұлбасын аспанмен шектестіріп суық түспен жылы колориттің байланысын шештім.

Төртінші картина – Бағдат қаласында парсы, араб, түрік тілдерінде ақын, күй, ғылыми зерттеуді жасаған кездері, сауда-сақтықтың ортасы болған және білімнің қайнар көзі су қайықтарының жасалуы технологиясын менгерген. «Музыканың үлкен кітабы» тағы басқа еңбегін жазғаны. Мысырда Халеб/Алеппо/ пен Харанда болып, Дамаск қаласына келген кезі. Әл-Фарабидің шаһарға кіріп келе жатқан жолында ғалымдармен, бүкіл Дамасктегі ұлы тұлғалармен кездесер кезде биікте өзімен қазақ даласынан бірге ұшып келе жатқан қаршығасы соқол-балобан оның өмірлік жан серігі, күш-рух берушісі ретінде жоғарыда ұшып келе жатқанын бейнеледім.

Бесінші картина – Дамаскінің жеті қақпасының бірі шығыс қақпасынан, әл-Фарабиді күтіп тұрған ғалымдар, келе жатқанын естіген жұрт қарсы алып, кездесіп тұрған бейнесімен осы картинаны тұжырымдалдым. Барлық картина бірнеше қабат бояулармен қалың мозокты техникада орындалды. Топтамада өнірлік ерекшеліктер ескеріле отырып орналасты. Туынды ұлы ғұлама әл-Фарабидің сара жолын, қазақ ұлтының ұлы данасын әлемге мақтанып жырлайды деп сенемін.

— Сурет өнерінің танымалдығы, жалпы суретшілердің қоғамға танымалдығы туралы пікіріңізді білесіз. Қазір қалайда маркетинг заманы, өнерді жасау, өнерді таңаз, оны сату бар. Шынығын айтсақ, қазақ сурет өнері туралы сауал қоя бастасан, ел әлі күнге Әбілхан Қастеевті айтады, бұл кім? Қанағия Телжановты еске түсіруге мүмкін, одан әрі ойлап қалады. Бұл мәселе туралы не айтасыз?

— Бұл сауалға қысқа жауап берсем. Мен үшін суретшіге керекті – оның туындысының танымалдылығы. Басқасын керек адам өзі тауып алады. Ал маркетинг, өнер жасау, оны таныстыру, сату мәдениетін болашақтың үлесіне қалдырайық.

— Мемлекет тарапынан жалпы өнерді, оның ішінде бейнелеу, сурет өнерін жүйелі қолдау бар ма?

— Өнер – ауқымды кең, өте үлкен сала. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева суретшілердің шеберханасына барып, жағдайларын өз көзімен көріп-біліп, жүздесіп жүр. Мұны бейнелеу өнеріне көрсетілген қолдау деп түсінемін.

— Сурет жазу тым жеке, тым онаша өнер көрінісі бізге. Белгілі бір оқиғаларға, тұлғаларға, иә болмаса кәлімгі проблемаларға арнап жазылатын тақырыптық дүниелер болады. Сол кезде сіздердің ішкі әлемдеріңізге, тақырыпқа деген көзқарастарыңызға ешкім әсер ете алмайды. Көрермен тек дайын дүниеден ләззат алады. Бірақ өнер өлдіктері көбіне қоғам, мемлекет бізге қарыз, бағалауға, қолдауға міндетті деген ниетте жүретін секілді. Бұның себебі неде?

— Иә. Шығарма жазу жеке ой толғауынан өтіп, пісіп-жетіліп, сонында көрерменге жетеді. Көрермен қалай қабылдайды, ол – екінші мәселе. Шығарманың ғұмырлы болуы тағы ойланайрады. Сондықтан ешкім саған міндетті емес. Сен не істесен де, өзің үшін істедің. Соған жауаптысың. Себебі өнер адамы үнемі ой үстінде жүреді.

— Қазір жасанды интеллект күш алды, адам қиялындағы суреттерді салып беріп жатыр. Тіпті, дәуірлерді сипаттайтын көпқырыл, күрделі суреттерді де әп-сәтте сала қояды. Бұл түбі сіздердің көсіпке бәсеке тұдырмайды ма, себебі фотосурет өнері де заманында суретшілерге, сыпайы айтқанда үлкен ой салған екен.

— Дизайн деген – өнер. Оны менгеру үшін суретші болуың керек. Суретші болмасаң, техниканы білгеннен пайда жоқ. Бәрін басқаратын адамның ой-өрісі. Ол – адамның қатысы болмаса болмайтын іс. Иә, жұмысты жеңілдетеді, суретшінің бұрынғы шаруаларын азайтып, заманауи суранысты шешеді. Ешқашанда бәсеке бола алмайды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Анарыс АҚЫЛМАН



дегенге қысқаша тоқталғанымыз. Өнер туралы сөз басталса, біз сол баяғы ертеден қалыптасқан қолданбалы өнерден бастағанымыз дұрыс. Қазаққа өнер кеше ғана келген деуге болмайды. Ұлы суретшіміз Әбілхан Қастеевтің өзінен «өнерді қайдан үйрендіңіз?» дегенде «Мен ешкінің мүйізінен, апамның киізінен үйрендім», — деп жауап берген екен. Ендеше ұлы қазақ суретшісі Әбілхан Қастеев те арғы ата-бабаларының қалдырған мұрасын жалғастырушы талант десек қателеспейміз. Бүгінде 120 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өтіп жатқан ұлы тұлғамыз, аса шебер суретшіміз Әбілхан Қастеевті бейнелеу өнерінің атасы деуіміз орынды. Қастеевпен қатар көп суретшілер болды, бірақ Әбілхан ағамыз таза ұлттына қызмет етті. Қазақ ұлты үшін бар зердесімен жұмыс істеді.

— Суретте де түрлі жанр бар, портрет, пейзаж, графика, тағы да басқа карапайым көрермен бел бермейтін түрі көп. Суретші көзбен көргенді емес, көңілмен сезгенді салады дейді. Дегенмен сол суретті көрушінің барлығы бірдей суретшінің көңілдегісін сезе бермейді ғой. Бұның сыры неде?

— Бейнелеу өнерін қолымыздағы он саусақтың бесеуімен қарастырсақ. Бес түрін айтайын, сурет өнерінің атасы алғаш сызбамен тасты тырнап, қашап, белгілерді салуды графика десек, сол графикадан балбал тастарымыздың алғашқы бейнелері денеге айналып, мүсінге ұласады. Адам ата, Хауа ана болғалы өмірге керекті тұрмыс, салт-дәстүр өнері қалыптасқан. Ендеше қолданбалы өнер деген сөз содан пайда болыпты. Әр шығармасы құлпытке айналған, істеген жұмыстарын жауһарға айналдыратын шебер суретшілер дүниеден өткен. Солардың ішінде есімі ұмытылмайтын Ренессанс дәуірінің тұлғасы, көркемөнер шебері, мүсінші Микеланджело еді. Ол тек мықты өнер туындысын жасап қоймай, өз шығармасы арқылы әлемдегі ең үздік мүсіндердің бірі Давидті адамзат баласының сұлулығына тенеңді. Ал Давид – библиялық кейіпкер. Ол алып, айбатты Голиафты жеңген карапайым бақташы бейнесінде суреттелген. Мүсін 1501 жылы Флоренциядағы Санта-Мария-дель-Фьоре шіркеуінің тапсырысымен жасалған. Микеланджело

Дәвидті мүсіндегенде 26 жаста еді. Ал кескіндемеле Леонардо да Винчи атакты «Джоконда» немесе Мона Лизаны 1503 жылдары жазып бейнелеу өнеріне үлгі етті. Бұл картина – әлемдегі ең танымал көркем туындылардың бірі. Бүгінде осы туындыны көру үшін әлемнің жартысы Луврға, яғни Парижге барады. Франсияның бюджетіне керемет үлесін қосқан қайта өркендеу заманының шелевірі. Бұл екі суретші заманда. Соңғы заманауи өнер дизайн өнерінің өмірі жоқ, адамға ауа қандай керек болса, өмірімізге дизайн өнері сондай қажет. Міне, осы бес өнердің түп тамыры – сурет, бейнелеу өнері дейміз. Суреттің араласпайтын жері жоқ. Суретсіз адам баласы өмір сүруі мүмкін емес десек болады. Ендеше бейнелеу өнерінің түрі де сыры да таусылмайтын шексіз. Бүгінде кешегідей көзбен көргенді емес, көңілмен сезгенді де салатын изм өте көп. Иә, көрермен оны сезе бермеуі мүмкін. Ол өнердің сиқыры десем болар. Қазақтың өмірінің бәрінде өнер бар.

— Сіздер жазған суреттің нақты бағасын кім бере алады? Себебі осы кезге дейін суреттердің анық сипатын, тақырыптық бағытын, артық-кемін бағалап, сындарлы түрде жазылған үлкен еңбектерді немесе жүйелі зерттеулерді кездестіре бермейміз.

— Голланд суретшісі Рембранд ван Рейннің өмірі туралы көркем фильмдегі экскурсия жетекшісінің мына бір айтқан сөзі есіме түсіп тұр: «Рембрандтың «Әулие Лука» картинасының құны күн сәулесімен пара-пар», бұл өнерге деген аса биік талғамды көрсетсе керек.

— Өз шығармашылығыңызға ойыссақ, қанша айтқанмен, біздің ұлт суретке көшірек назар салды. Бәлкім, бұрынғы көшпелі тұрмыс бұл өнерге қолайлы да болмаған шығар. Қашан бастадыңыз, неден бастадыңыз, суретке қалай келдіңіз?

— Мен суретшілік өнерге бала жасынан келдім. Тіпті, мектепке бармай жүріп анамның алашасын тоқуға, киізін басуға, құрақ көрпесін құрауға көмек бердім. Өсе келе өкемің қамшысың, тартпасың, өмілдірі, құйысқан, жүгенін өрдім. Мектепте редколлегия мүшесі болып, сурет салдым, жазу жаздым. Мектеп бітірісімен 1979 жылы

Жаз маусымы – аптап ыстықтың өсерінен жәндіктердің жер бетіне шығып, адамдарға «шабуылдайтын» кезеңі. Тұрғындар үшін жаз айлары демалысқа арналса да, климаттың өзгеруінен туындап отырған жайсыз жағдай балалар мен ересектердің жазғы демалысына кедергі келтіретіні жасырын емес. Жәндіктердің жер бетіне тарап, тіршілігі басталатын уақытта тиісті мекемелер де дабыл қағып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі залалсыздандыру іс-шараларын ұйымдастырады. Дегенмен мамандар қолданып отырған барлық әдіс-тәсіл зиянкестердің жойылуына толыққанды тосқауыл бола алады деп айту қиын. Себебі бұл жыл өткен сайын күн жылынған уақыттан бастап қайталанатын қалыпты жағдайға айналған.



КЕНЕ БАСҚАН АЛМАТЫ

казіргі уақытта кене шаққан науқастарға медициналық көмек көрсетілгенін жеткізді.

– Барлық науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсетілді, сондай-ақ көрсеткіштер бойынша кенеге қарсы иммуноглобулин енгізілді. Кене шағып алған жағдайда мүмкіндігінше ертерек, яғни кене шаққан уақыттан бастап төрт күннен кешіктірмей медициналық мекемелердің (травматологиялық пункттерге) көмегіне жүгіну қажет. Мұнда науқастарға білікті мамандар медициналық көмек көрсетеді. Науқастарға кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин енгізіледі. Қалада кене шағудан зардап шеккендерге жедел көмек көрсетіп, кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин егу бойынша Орталық қалалық клиникалық ауруханасы, №4 қалалық клиникалық ауруханасы және Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы секілді медициналық ұйымның травматологиялық пункттерде жүргізіледі, – дейді Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қ.Алпысбайұлы.

ШИКІ КҮЙІНДЕ ТҮТІНУ – АСА ҚАУІПТІ

Кенелердің нағыз шоғырланған орны – саябақ, бау-бақша, орман, онымен қоса

кене энцефалиті бойынша эпидемиялық аумақтар болып келеді. Жазғы маусымда отбасымен, достарымен табиғат аясына демалысқа шыққан тұрғындарды кене жоғарыда аталған орындарда шағып алу ықтималдылығы жоғары. Сондықтан мамандар кәсіп жолы орманмен тікелей байланысты адамдардың (орманшылар, геологтар, құрылысшылар, топографтар және т.б.) ауруды жұқтыратын ең қауіпті топқа жататынын айтады. Одан өзге кене адамдардың киімі мен үй жануарлары арқылы тасымалданады. Мамандар кене жануарды шаққан кезде вирус оның сүтіне де өтуі мүмкін екенін, ал бұл көбіне сиыр, қой, ешкі жануарының шикі сүтінде кездесетінін атап өтті. Оның бір дәлелі, кезінде Кенес одағының әртүрлі аймақтарында энцефалиттің алиментарлы «ешкі» эндемиялық ошақтары анықталған. Кене шаққан жануардың өнімін толық қайнаппай, шикі күйінде тұтыну адам денсаулығы үшін аса қауіпті екенін естен шығармаған жөн. Осыған сәйкес, кене жұқтыру қауіп-қатерін алдын алу мақсатында мегаполисте орман алқаптарына, халықтың жаппай демалатын орындары саябақтар мен скверлерге кенеге қарсы өңдеу жұмысы жүргізілген. Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы биылғы жылдың 14 мамыры мен 11 маусымы

аралығында жалпы саны 2 366,56 гектар (100%) жер өңделгенін, оның ішінде орман алқаптары 1 904,924 гектарды құрайтынын жеткізді. Қазір шаһардың барлық ауданында орналасқан қалалық саябақтар мен скверлерде (461,363 гектар) өңдеу шаралары аяқталды.

ҚУРАҒАН АҒАШТАР – ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ ОШАҒЫ

Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институтының өсімдікті биологиялық қорғау бөлімінің басшысы Нұржан Мұхамдиев қауіпті паразиттермен күресуде ең бірінші жасыл желекті күтіп-баптаудың маңызы орасан екенін негізге алды.

– Кененің даму кезеңі күн жылынған сайын төмендейді. Қауіпті паразиттің нағыз өршітін кезеңі – сәуір, мамыр айлары. Ал маусым айының соңына қарай кененің таралу қарқыны бәсеңдейді. Әрине, кенемен күресте ағашты күтіп-баптаудың маңызы зор. Бүгінде ағашты күтіп-баптаудың өзіндік ережелері бар. Ағаштардың көбеюінен көшеде жарық шамдары, жол белгілері жабылып қалып жатады. Онымен қоса, апаттық жағдайда тұрған қураған ағаштар әлі де бар. Қураған ағашты дер кезінде кеспей, көп ұстаса, ол зиянкестердің нағыз ошағына айналады. Осыдан бірер жыл бұрын көктем айларында қалада қанда да катты өршіген еді. Қаламызда жасыл желекті күтіп-баптаудың нәтижесінде зиянкестер азая бастады. Қазір Алматы қаласындағы әр ауданның қураған ағаштарды кесе отырып өңдеу

жұмыстарына мән беріп келе жатқанын байқаймыз, – дейді ол.

АУРУДЫ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖОЛЫ – ВАКЦИНА

Кене энцефалиті – негізінен орталық жүйке жүйесін зақымдайтын жедел жұқпалы вирустық ауру саналады. Кене белсенділігі елімізде қыркүйекке дейін жалғасады. Қазақстан аумағы бойынша кене энцефалитінің көбіне Алматы, Шығыс Қазақстан облысында жиі байқалатыны анықталған. Аурудың инкубациялық кезеңі 10–14 күнге, тіпті 30 күнге дейінгі аралықта созылуы ықтимал. Мамандар бала кезінде кене энцефалитіне қарсы екі егілген адамдарда инкубациялық кезең ұзаққа созылатынын айтады. Саябақта, орманда серуендеп келгеннен кейін шамамен бір аптадан кейін адамның басы ауырып, жүрегі айнып, құса бастайды. Дене қызуы 39–40 градусқа дейін көтерілген адам бойында әлсіздік сезіледі. Осыдан кейін құрысу, ақыл-есін жоғалту, аяқ-қолдың салдануы сынды ми симптомдары байқалады. Әр адамның кене энцефалитіне бейімділігі вирусқа қарсы қалыптасқан иммунитетіне байланысты әртүрлі болып келеді. Эпидемиолог Нұржан Мұхамдиев кене энцефалитінен қорғанудың ең тиімді жолы – вакцина екенін атап өтті.

– Ауруды алдын алудың жолы – вакцина. Негізінен, вакцинына қантар айынан бастап наурыз айына дейін қабылдаған жөн. Себебі осы уақыт аралығында адамның денесінде вирусқа қарсы иммунитет пайда болады. Әсіресе, жұмысы орманмен тығыз байланысты мамандар жыл сайын қыс мезгілінде кенеге қарсы вакцина алады. Осының арқасында қалыптасқан иммунитет кенеге қарсы төтеп бере алады. Ал егер вакцина алмаса, бұл әсіресе кене энцефалиті кезінде қауіпті болуы мүмкін. Осы тұста ауруды әр ағза әртүрлі қабылдайтын атап өткен жөн. Вирусқа қарсы иммунитеті қалыптасқан науқас түрлі препараттарды қабылдаудың нәтижесінде сауығып кетуі ықтимал. Керісінше, егер инфекция аса қауіпті болса әрі науқас дәрігердің көмегіне дер кезінде жүгінбесе, мұның соңы адам шығынына әкеліп соғуы мүмкін, – деп сөзін қорытындылады Жазкен Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институтының өсімдікті биологиялық қорғау бөлімінің басшысы Н.Мұхамдиев.

Мамандар тұрғындарға кене шаққан жағдайда, оны өз бетінше пинцет немесе қысқышпен алмау қажет екенін ескерттеді. Себебі кене тұмсығы денесінен үзіліп, адам терісінің астында сақталып қалуы мүмкін. Сондай-ақ арнайы құралмен алынған кенені аймақтық СЭС зертханасына жеткізген жөн. Осының арқасында энтомолог мамандар кененің түрі мен оның адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екенін бағамдай алады.

Алматы қаласы

ШЕНЕУНІКТЕР ШЕГІРТКЕ ДЕП ШЫРЫЛДАЙДЫ

Былтыр қуаңшылық қос бүйірден қысқан жамбылдық шаруаларды биыл шегірткелер «шеруі» алаңдатып отыр. Оған себеп, зиянкестердің таралу аумағы кеңейіп, түрлері де көбейіп кеткен. Тіпті, кейбірінің бойында химиялық өңдеуге қарсы тұрақ төзімділік пайда болған. Осыған байланысты шаруалар енген өнімді шегірткелердің жеміне айнала ма деп дабыл қағуда. Алайда мамандар тиісті шаралардың барлығы жасалып жатқанына сендіріп отыр.

Саятхан САТЫЛҒАН

Зиянкестерді 35 жылдан аса уақыт зерттеумен айналысып келе жатқан фитосанитар Әсемғали Қабдұшевтің айтуына сүйенсек, зиянкестердің тұқым тастауы биылдан басталып, 2026 жылы марокколық шегіртке, 2028 жылы италиялық прусының таралу шегі болатын көрінеді. – Биыл үйірлі үш түрлі шегіртке 131 гектарға тұқым тастаған. Шегірткенің даму кезеңінде өте көп таралуы байқалып отыр. Таралу деген 1–2 дана қалса да ол келесі жылы 1 шегіртке 3 қуаңшы салатын болса, 1 шаршы метрден 90 шегіртке шығады деп болжамдай аламыз. Сол себептен ол шегірткенің көбеюі қазір байқалып келе жатыр. Соған қарамастан бұл шарықтау шегі емес. Шегірткенің ең шарықтауы әлі алда. Сондықтан осы бастан дайын болуымыз қажет, – дейді Фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы Байзақ аудандық филиалының басшысы Әсемғали Қабдұшев.

Аймақта үйірлі шегірткенің италиялық прус деген түрі кенінен таралған. Мәселен, бір ғана Байзақ ауданының өзінде 17 мың гектардан аса алқапқа химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілетін болса, соның 16 мың гектарына шегірткенің осы түрі таралып кеткен.

– Бүгінгі күнге жерүсті бүріккіш техникалармен италияндық прус шегірткелері

не қарсы 4 253 гектарға химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Жауын-шашын немесе жел болғанда химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілмейді. Аумақтық инспекция мамандары шегірткенің таралуын 100 пайызға жоя алмаса да, шектік таралуының барынша алдын алып жатыр. Зиянкестерге қарсы 10 тонна дәрілік химикат алынған. Олардың өсімдіктерге еш зияны жоқ, – дейді Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Сәбит Жүсіпов.

Ал облыс әкімдігі Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, биыл саяқ шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттен 55,6 миллион теңге бөлініп, бұл қаржыға 9 585 гектар алқапты қамту жоспарланған екен. Меркі, Мойынқұм, Байзақ және Т.Рысқұлов аудандарында биылғы жылдың 21 мамырынан басталып, 5 050 гектар алқапта өңдеу жұмыстары атқарылған. Қалған Жамбыл, Жуалы, Кордай, Талас, Шу аудандары бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстары жарияланып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Биыл облыс бойынша ерекше қауіптілер қатарына енетін үйірлі шегірткелерге жасалған «РФДЖБӨ» мамандарының анықтау жұмыстарының методикалық есептеулері нәтижесінде 131 185 гектар алқапқа химиялық өңдеу жұмыстары

жүргізілуіне болжам жасалған. Оның ішінде марокко шегірткесіне қарсы – 9 755 гектар, италиялық прусқа – 96 020 гектар және азияттық шегірткеге – 25 410 гектар.

Биыл үйірлі шегірткелерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларын жүргізу үшін 36 бірлік арнайы бүріккіш техникалар жұмылдырылмақ болса, оның ішінде 3-і – ұшақ, 33-і – жерүсті бүріккіштері.

Жергілікті қаражат есебінен саяқ шегірткелер үшін 9,585 гектар алқапқа химиялық өңдеу жұмыстарының жүргізу көзделген. Зерделену қорытындысында 20 наурыздан сәуірдің 2-сі аралығында барлық аудандарда саяқ шегіртке дернәсілдерінің (қанатсыз, атбасар, айқышты) туылуы тіркелгені анықталған. Бүгінгі күнге 12 774 гектар алқап қаралып, 5 831 гектарда экономикалық зияндылық шегі белгілі болуда. Өңдеу жұмыстары биылғы маусымнан басталып, жалғасуда.

Сонымен қатар облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету үшін жылда мониторинг тексеру жұмыстары 5 907 940 гектарға жүргізіледі. Оның ішінде ерекше қауіпті зиянды организмдерге – 2 720 000 гектар, зиянды организмдерге – 651 940 гектар, жүйелі бақылау жұмыстарына 2 200 гектар алқап кіреді.

Бұл жерде ерекше мән беретін бір жайт соңғы жылдары аймақтағы зиянкестердің көпшілігі өздеріне қарсы қолданылатын химиялық өңдеуге бейімделіп келе жатқаны мамандарды алаңдатуда. Яғни, кейбір зиянкестерге залалсыздандыруға арналған заттар әсер етпеуде. Ал оларды жаппай жою үшін биологтар мәселеге ғылыми тұрғыдан қарап, жанаша тәсілдерді қолдану қажеттілігін айтады.



– Елімізде тікканаттылардың 270 түрі тіршілік етеді. Ал ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерге жыл сайын үйірлі шегірткелердің 15–20 түрі қауіп төндіреді. Солардың ішінде таралу дәрежесі мен зиян келтіру деңгейі бойынша аса қауіптісі – азиялық шегіртке, марокко шегірткесі және италиялық прус. Қазіргі кезде шегіртке зиянкестерінің санын бақылаудың негізгі әдісі – химиялық заттарды пайдалану. Оған қоса, тікканаттылармен биологиялық күресте қызғылт торғайлар, кесірткелер, жыландар, бүйелер, паразитті және жыртқыш жәндіктер қолданылады. Бұл тұста түрлі бактериялы және саңырауқұлақты аурулардың әсері орасан екенін де айта кеткен жөн.

Энтомопатогенді саңырауқұлақ *Metarhizium anisopliae acridum* спораларымен таралып, кутикүла арқылы жәндіктердің ішкі денесіне еніп, иесі есебінен дамиды. Саңырауқұлақпен зақымданған шегірткенің қоректену қабілеті төмендеп, қимыл-қозғалысы бәсеңдеп, құстар мен кеміргіштердің оңай жемтігіне айналады. Олар өдетте 1–2 апта ішінде өледі. Бір сөзбен айтқанда, шегірткемен күресте жан-жақты тәсілді қолданған жөн, – дейді М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің биология кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі Гаухар Шолпанқұлова.

Аймақта шегірткеден басқа да аса қауіпті зиянды организмдер аз емес. Олардың қатарына: колорадо қонжызы, астық дақылдарының сапасын төмендететін зиянды бақашық қандаласы, қызылшаның қауіпті зиянкесі, өрмекші, кене, сарышұнақ, тышқан тектес кеміргіштер және астық дақылдарының аурулары септориоз бен тат жатады. Аталған зиянкестерге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жеке қаражат есебінен жүргізіледі. Алайда жұмсалған пестицидтің 50 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады. Бүгінде зиянды бақашыққа қарсы – 3 700 гектар, септориозға қарсы – 4 600 гектар, колорадо қонжызына – 0,030 гектар алқапқа химиялық өңдеу жұмыстарының жүргізілуі жоспарланып отыр.

Ең бастысы – аталған шаралардың дер кезінде қабылдануы. Былтырғы қуаңшылық, биылғы қарғын судан зардап шеккен егістіктеріміз енді шегірткелердің жеміне айналса, бұл бұқараға да, ел экономикасына да ауыр соғатыны анық. Қазір ғалымдар он жылда бір келетін шегірткелер «шеруі» алдағы екі жылда тағы да қайталанатынын айтады. Сондықтан сақтық шараларын қазірден жасаған жөн. Әйтпесе, ел егінсіз қалып, бармақ тістеуіміз бек мүмкін.

Жамбыл облысы



Данияр САЛАМАТ,
режиссер:

Режиссер үшін

КИНО

АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

— Әлемдік кинодағы жеңісіңізбен құттықтаймыз! Бәріміз білетін қазақ дәстүріндегі отбасылық өмірге қатысты сөздің бірі — талақ. Осы сөзді киноның тақырыбы етіп қоюдың сыры неде?

— Фильмдегі «Талақ» сөзі үлкен мағынаға ие. Негізі, бұл киноның сценарийі Бейімбет Майлиннің «Талақ» және «Әжей» деген шығармалары желісі негізінде жазылған. Мұнда талақ мәселесі екі жақтың арасындағы отбасылық кикілжің ретінде көрсетіледі. Бірақ біз сценарий жазу барысында қазақтың сөз тіркесіне еніп кеткен талақ сөзінің аясын барынша кеңейттік. Мысалы, тек отбасындағы мәселені ғана емес, дүниені тәрк етті немесе басқаны талақ етті деген секілді тұрақты сөз тіркестері бар. Осы тұста «талақ» сөзінің арқалар жүгі ауыр. Өйткені сол кезде Кеңес үкіметі орнаған уақытта, 20-жылдары халқымыз өзінің тұрмысын, өмір сүру дәстүрін, кейбір жағдайда ана тілін, көшпелі дәуірін талақ етуге мәжбүр болды. Талақ біржақты жүргізіледі. Мысалы, ер мен әйелдің арасында талақ біржақты айтылады, ері ғана талақ айта алады, әйелі айта алмайды. Осы сияқты Кеңес үкіметі халқымыздың өзінің дәстүрлі жолынан тайқуға мәжбүр етті, яғни барын талақ етуге халық мәжбүр болды. Сол кезеңнің үлкен панорамалық суреті, талақтың фоннда қалған дүниелер бір отбасы өмірінің астарында үлкен саяси өзгерістің жүруімен көрінді.

— Бұл арқылы көрерменге не жеткізгіңіз келді?
— Осы тақырып арқылы көрерменге жеткізім келгені — сонау оларға кезінде үлкен ауыр өзгерісті басынан өткізген қазақтың тағдырын, әбден қажытқан XX ғасыр басындағы аштық жайлаған кезді, ұжымдастыру кезеңінің суретін беру. Әу бастан-ақ М.Әуезовті, Б.Майлинді, Ж.Аймауытовты оқығандағы көз алдыма келген дүниелерді экраннан беру менің басты арманым болды. Егер осы айтылғандарды өз денгейінде бере алсам максатымның орындалғаны болар еді.

— «Шанхай» кинофестивалінде көрсетілген 14 киноның ішінде бас жүлде бұйырған «Талақ» фильміне басқа киногерлердің көзқарасы қалай болды? Кино тақырыбын қалай қабылдады?

— Фильмнің атауы «Талақ» болғанымен, оны аударған ағылшын тіліне «Развод» деп аталып кеткен, яғни «Ажырасу». Мен оны пресс-конференция кезінде де айттым, киноның алғашқы көрсетілімінде де айттым. Бұл сөздің негізі біржақты шешім шығарылатын, екіжақты келісімге келетін ажырасудың түрі және оның мағынасы анағұрлым тереңде екеніне де тоқталдым. Бірақ сол кезде мақалалар шықты, біраз киносыншылар пікір білдірді. Осы «Ажырасу» деген тақырыптың өзінен де біраз мағына шығарып, талдап айтты. Бірінші көрсетілімнен кейін ақылды көрерменнің көзқарасы ерекше болып, бізге назары ауа бастады. Өзім көркемдік сал-

Жақында қазақ киносының қоржыны тағы бір олжамен толықты. Тарихи көріністі әспеттеген «Талақ» толықметражды фильмі Шанхай кинофестивалінде үздік деп танылып, 14 фильмнен озық шықты. Қазақ әдебиетіндегі шығармалар желісін арқау етіп, «Алтын кубок» иеленген фильмнің режиссері — Данияр Саламат. Жер-жаһанды мойындатқан қазақ киногерімен әңгімелескен едік. Ол тарихи киноның маңызына тоқталып, кино саласындағы режиссердің бірқатар міндетін атап өтті. Сонымен қатар жүлдеге ие болған кино тақырыбында отбасылық күрделі мәселе ғана емес, халықтың басынан өткен ауыр кезең кеңірек сипатталатыны туралы сөз қозғады.

артық сөзбен сынаған дұрыс емес деп ойлаймын. Бұл негізі әдебиетте қалыптасқан нәрсе ғой. Мысалы, әдебиетте реалистік бағыт қалыптасқан да, ал киноға келген кезде соған үрке қараймыз. Сол нәрсе мені кейде қапаландырады.

— Көрермен көзқарасы бойынша драма жанрындағы фильмдер тек тарихи, ал қазіргі заманға сай отандық кинолар тек комедия бағытында ғана түсірілетін сияқты. Бұл қаншалықты рас?

— Бұл — сөз сөл-пөл қате пікір. Себебі біз тарихи фильм түсірген кезде міндетті түрде мемлекеттік тапсырысқа иек артамыз. Бұлар — қымбат фильмдер. Осындай тарихи фильмді мемлекеттің демеуінсіз түсіру өте қиын. Сондықтан Ұлттық киноны қолдау орталығынан шығарылған көбіне тарихи фильмдер көзге түсіп қала береді. Оның үстіне, қазір көп адамның тарихи фильмге деген көзқарасы да, ықыласы да ерекше. Сол себепті тарихи фильмдер драмалық жанрда шығып жатқандай көрінеді. Негізі олай емес. Ұлттық киноны қолдау орталығының демеуімен, мемлекеттің қаржыландырумен түсіріліп жатқан фильмдердің ішінде заманауи драмалық фильмдер де жетерлік. Заманауи бағытта түсірілетін фильм жанрының басым бөлігі комедиялық бағытта деуімізге себеп болып отырған нәрсе — жеке қаржыға түсірілген коммерциялық фильмнің көп

Болуы керек

мақ салған, көрерменнің өзі түйіндеуі керек деген жерлерді өзіме қайыра айтып, дәл ойымдағыдай пікір айтты. Көрермен ойы қабысып тұрғанын көргенде шынында жақсы дүние жасаған шығармын деген ойға келдім. Содан кейін «бір жүлдеге ие болу мүмкін-ау» деген ойдың келгені рас. Жақсы айттыңаң пікір көп, көрермен жаман емес. Фестиваль кезінде жүрген мамандар да барынша бізбен тілдескісі келіп, қазақ тауларының биіктігін, даланың кеңдігін, киім киісінің ерекшелігін айтып бізбен пікірлесуге тырысып жатқанын байқадық.

— «Талақ» — тарихи фильм. Осыған байланысты әлеуметтік парақшаларда оқырман мен көрерменнің сыни пікірлері айтылып жатыр. «Осындай тарихи кино түсіріп, ашаршылық уақыттағы жағдайды, жұпыны киінген халықты экранға шығару арқылы қазақтың қазіргі хала-ахуалын осылай әспеттеп жатырмыз, әлем халқымызды осы қалыпта таниды». Ал сіздің ойыңыз қандай?

— Әлеуметтік желіде фильмді мақтаған, қуаттаған пікірлермен бірге, сынап айтылған ойлар да болды. Оның бәрі — ұшқары пікір. Өйткені фильмді әлі ешкім көрген жоқ. Әртістердің үзіліс кезінде түскен суреттеріне қарап, оның костюмі туралы пікір айту, меніңше, сөл-пөл ұяттау. Өмірде адамды өсірмейтін, табиғи даму процесін тежейтін нәрсе — жауырды жаба тоқу, яғни өзіндегі бар кемшілікті, бар шындықты айтудан және жазудан тартынып қалу, өзін-өзі қор санау комплексі. Осы нәрсе бізді, киноны өсірмейді, өнерді де қарыштапайды. Айталық, әдебиетте қаламы қарымды қаншама жазушылардың том-том еңбектері бар. Сол шығармалардың кейіпкерлері сән-салтанатты болған жоқ қой. Қиын кезеңнің сипатына қарасаңыз, күйзелісте жүрген, тұрмысы төмен адамдардың қашанда киімдерінің жақсы болмайтыны түсінікті. Осы сияқты Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожасын» оқыған кезде «қызыл сирағы сирандап келе жатыр» деп әкесін бейнелейді. Енді осы суреттемелердің барлығы ғажап нәрсе емес, ғажап костюмдер емес қой. Осының бәрін оқығаннан кейін, оларға кезеңді суреттеген соң, әрине, киімдерін жұпыны етіп көрсетеміз. Фильмде актерлердің киімін күнделікті қолданыстағы жұпыны киімдерді емес, тарихи кезеңді көрермен сезіне алатындай стильдендірдік. Киімдер — қолдан тігілген, суретшінің қолынан өткен дүниелер. Сондықтан оқымай, көрмей тұрып, барынша шын фильм түсіргісі келетін адамдарды



болуы. Олар өзін-өзі ақтауға мәжбүр. Яғни, оларды қаржыландырып жеке демеуші қаржысын қайтаруға тырысады. Сондықтан қазіргі көрерменге ең өтімді нәрсе — комедиялық фильмдер деп саналады деп ойлаймын. Дәлелі ретінде кинотеатрларды қараныз, 90 пайызы — комедиялық фильмдер. Өйткені ондай фильм аса қатты ойлануға, санаға салмақ түсіруге тырыспайды, көңілді жадыратады. Коммерциялық фильмдердің арасында кең таралғаны да осы. Ондағы басты мақсаты — әрине, фильмді көрерменге өткізіп, өзінің салған ақшасын қайтару немесе табыс табу. Осындай мақсатта комедияның шоқтығы көрініп қала береді.

— Байқағанымыз, сіз әлеуметтік желіде белсенді емесіңіз... Жалпы, киноның сыртқы кадрында жұмыс істеп жүрген режиссер, сценаристерге танымалдық керек пе? Мұның кинотуынды кең таралуы үшін маңызы бар ма?

— Дұрыс айтасыз, әлеуметтік желіде белсенді емеспін. Өйткені оған ешқандай сұраныс та жоқ, қажеті де шамалы. Кейбір шетін мәселелерге, әлеуметтік маңызы бар дүниелерге ғана ептеп дауысымды қосамын. Өзімнің шығармашылықта жасаған туындыларыма айтылып жатқан сындарға жауап бергім болмаса, Facebook парақшамда аса көп көріне бермейтінім рас. Ал басқа желілерде парақшаларым жоқ. Танымалдық деген сахнаға шығатын адамға, эстрада бағытында жұмыс істеп жүрген адамға қажет шығар, мүмкін. Ал кино саласында киноның өзі алдыңғы жоспарда тұруы керек деп ойлаймын. Егер фильмдерге көп пікір айтылса, фильмдердің өзі-ақ өзіне тиісті жарнаманы жасайды. Ал енді авторлары жарнамаланып, алға шығып кеуде соға беруіне мен аса құлықты емеспін және оны қостаймын да.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ШЫМКЕНТТЕ ЕҢ ҮЛКЕН СТАДИОН САЛЫНАДЫ

Жақында Шымкентте халықаралық стандарттарға сай, заманауи жаңа стадионның іргетасы қаланды.



Назгүл НАЗАРБЕК

Тұран-2 шағынаудан аймағында бой көтеретін стадионның алғашқы тасын қалау салтанатына қала әкімі Ғабит Сыздықбеков, футбол жұлдыздары, танымал блогерлер және спорт жанкүйерлері қатысты.

Жаңа аренаның аумағы — 21 гектар. Бұл ерекше халықаралық талаптарға сай салынатын спорт аренасы еліміздегі ең үлкен стадиондардың бірі болмақ. Халықаралық стандарттарға сай заманауи стадион пайдалануға берілгенде әлемдік додаларды өткізуге, сонымен бірге қала туризмнің дамуына ерекше серпін береді.

Айта кету керек, қала әкімі Мемлекет басшысына қаланың 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде есеп беру барысында мегаполиске заманауи стандартқа сай стадион қажеттілігін баяндаған болатын. Сол кезде Президент биыл жаңа стадионның құрылысын бастау туралы нақты тапсырма берді. Осыған орай биыл 35 мың орынға есептелген стадион құрылысын бастап, 2026 жылдың ортасына дейін аяқтау жоспарланған.

Ал қазір Шымкентте тек Қажымұқан Мұнайпасов атындағы бір ғана Орталық стадион бар. Ол стадион 1969 жылы салынған. Сыйымдылығы — 18 000 орын. Кеңес кезінде «Октябрьдің 50 жылдығы» деп аталды. КСРО чемпионаттарында Шымкенттің «Металлург», «Мелиоратор», «Синтез» және «Достық» клубтары өз алаңындағы матчтарын өткізіп жүрді. Кейін 2003 жылдан бері «Ордабасы» клубының негізгі аренасы болды. Қала басшысының айтуынша, бұл стадионды да реконструкциядан өткізіп, команданың қосалқы алаңына және жеңіл атлетикадан ұлттық команда жаттығатын орынға айналатын болады.

Өздеріңізге белгілі, Ордабасы — қазақстандық кәсіби футбол клубы, Шымкент қаласынан. 1998 жылы пайда болған, Қазақстан Премьер лигасында ойнайды. Қазақстан кубогінің және Суперкубогінің жеңімпазы. Сондай-ақ 2023 жылы Қазақстан Премьер лигасының жеңімпазы атанып, чемпиондар лигасының іріктеу ойындарына жолдама алған.

Шымкент қаласы

ГАЗЕТІМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ
6 ШІЛДЕДЕ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

«АМАНАТ» партиясының басшылығы мен ұжымы «Nur Media» холдингінің Бас директоры Бақтияр Мәкенге **ағасы Ермек ӘУЕСБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Nur Media» холдингінің ұжымы холдинг Бас директоры Бақтияр Мәкенге **ағасы Ермек ӘУЕСБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Айқын-Литер» ЖШС ұжымы «Nur Media» холдингінің Бас директоры Бақтияр Мәкенге **ағасы Ермек ӘУЕСБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4467
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлмұхамұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзаа АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 61012

ЖАРНАМА ҒОЛМА:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ҒОЛМА:
8(717) 984-41-32
post@aiqyn.kz

Газет аптасына 3 рет шығады